

САҒЫМБАЕВ НЕГЕ БОСАТЫЛДЫ?

2-бет



ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ НЕДЕ?

5-бет



ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ БІРІЗДЕНДІРУ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛСЕ, АЛА-ҚҰЛАЛЫҚТАН АРЫЛАМЫЗ

6-7-беттер

QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №46 (1226) 16.11.2026



ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС – ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СТРАТЕГЕМАСЫ

Жолдаудан аңғарылғандай, Қазақстанның болашақта озық дамуына серпін беруге бағытталған экономиканы, әлеуметтік саясатты және мемлекеттік басқаруды ауқымды трансформациялау көзделіп отыр. Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл міндетті тарихи ауқымдағы миссия деп атауы да кездейсоқ емес.

8-9 беттер

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕШКІМ ДЕ ЗАҢНАН АТТАП КЕТЕ АЛМАЙДЫ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАТҚАНДАР – БІЗДІҢ ҚАС ЖАУЫМЫЗ! ЕЛІМІЗДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАТАҢ КҮРЕС БАСТАЛДЫ



3 бет

«Сыбайлас жемқорлық – бұл біздің қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең үлкен кесел. Онымен ымырасыз күресу – әрбір азаматтың міндеті», – деп Қ.Тоқаев айтқандай, бұл ашық майданға бәріміз де атсалысуымыз керек.



ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА: КУРС НА ЕДИНСТВО, НАУКУ И «ЦИФРУ»

10 бет



ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ?

14 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 Жазылу индексі – 65380

ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мәскеуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысы өтті.



Саммитке Қазақстан Президентімен бірге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Таалатбек Масадыков қатысты.

Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ аясындағы ықпалдастықтың негізгі аспектілерін қарастырып, Ұйымның 2026 жылы атқарған қызметінің нәтижесіне баға берді әрі алдағы кезеңге арналған жұмыстың басты бағыттарын айқындады.

Сондай-ақ президенттер халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдіріп, Ресей тарапының биыл ҰҚШҰ-ға өте нәтижелі төрағалық еткенін атап өтті.

Президент халықаралық терроризммен күрес, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ жасанды интеллект технологиясының ықпалы ұлғайып келе жатқанын ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту бағыттары бойынша күш-жігер жұмылдыру қажет екеніне назар аударды.

Қазақстан Президенті сөз соңында ҰҚШҰ-ға төрағалық ететін Тәжікстанның көшбасшысы Эмомали Рахмонды құттықтап, осы жауапты миссияны атқаруда сәттілік тіледі.

Жиын қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясы қабылданды. Сонымен қатар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ортақ мүддесіне сай ұжымдық қауіпсіздікті одан әрі нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылды.



ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕРДЕ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық академиялық рейтингтердегі көрсеткіштері жақсарды. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек хабарлады.

Министрдің мәліметінше, QS World University Rankings 2026 рейтингіне еліміздің 18 университеті енген. Ал Times Higher Education World University Rankings 2027 тізімінде 10 жоғары оқу орны бар.

Сонымен қатар Nazarbayev University ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасында бірінші орынға шыққан. QS Asia рейтингіне Қазақстанның 51 университетінің енуі де отандық жоғары білім саласындағы тарихи көрсеткіш ретінде бағаланды.

Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті үздік жүздікке кірді.

Министр бұл нәтижелер білім беру мен ғылыми зерттеулер сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық шешімдердің жемісі екенін атап өтті.

ЖҮГЕРІ ӨҢДЕУ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысының Сырдария ауданында құны 40 млрд теңгені құрайтын «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» инвестициялық жобасының алғашқы кезеңі пайдалануға берілді. Жаңа кешен жүгеріні кептіру мен сақтауға арналған және бір мезгілде 20 мың тонна өнім қабылдай алады.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, жалпы аумағы 35 гектарды қамтитын жоба екі кезеңмен жүзеге асырылады. Алдағы уақытта жүгеріні терең өңдеп, крахмал мен сірне өндіретін зауыт салу көзделген.

Биыл өңірде 11 мың гектар алқапқа дәндік жүгері егіліп, 60 мың тоннадан астам өнім жиналды. Ал 2027 жылы жүгері егістігінің көлемін 28 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Жобаның іске асуы жергілікті шаруалардың өнім өткізу мүмкіндігін кеңейтіп, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу саласын дамытуға жол ашады. Сондай-ақ жаңа өндіріс орындары қосылған құны жоғары өнім шығаруға және өңір экономикасына инвестиция тартуға серпін бермек.

МЕКТЕПТЕРДЕГІ БЕЙНЕБАҚЫЛАУҒА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕНГІЗІЛУДЕ



Қазақстан мектептеріндегі бейнебақылау жүйелеріне жасанды интеллект элементтерін енгізу жұмыстары басталды. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Құрылтайдағы Үкімет сағатында мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, бүгінде еліміздегі 8 мыңнан астам мектепте 4 миллион оқушы білім алып, 420 мың педагог еңбек етеді. Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу қала мен ауыл арасындағы білім сапасы алшақтығын қысқартып, әр балаға жеке оқыту мүмкіндігін ұсынуға бағытталған.

Жобаның алғашқы кезеңінде 500 пилоттық мектеп қамтылып, 240 мың педагог арнайы оқытудан өтті. Ал 2028 жылға қарай 2 600 шағын жинақты мектепті толық қамту жоспарланған.

Қазіргі уақытта бейнебақылау жүйелеріне жасанды интеллект элементтері Солтүстік Қазақстан облысының 44, Ақмола облысының 35 және Қарағанды облысының 10 мектебінде енгізіліп жатыр.

Министр халықаралық білім додаларындағы оқушылар жетістіктеріне де тоқталды. Биыл қазақстандық оқушылар 44 халықаралық олимпиада мен ғылыми байқауда 57 арнайы марапат және 1 067 медаль иеленген.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ АУЫСТЫ

Марат Ирменов Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып тағайындалды, деп хабарлады Ақорда. Бұның алдында Ермек Сағымбаевтың Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымынан босатылғаны белгілі болған.



– Мемлекет басшысының Жарлығымен Марат Ғатаұллаұлы Ирменов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды, – делінген ақпаратта.

Марат Ирменов 1993 жылы Батыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы институтын, 1996 жылы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің институтын, 2000 жылы Халықаралық құқық және нарық академиясын тәмамдаған.

1996-2000 жылдары ұлттық қауіпсіздік органдарында жедел қызмет лауазымдарында, ал 2000-2025 жылдары басшылық қызметтерде жұмыс істеген.

2025 жылдың қазан айынан бастап ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

2019 жылы Президент Жарлығымен оған ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры арнаулы атағы берілген.

II дәрежелі «Даңқ» орденімен, мемлекеттік, ведомстволық және мерейтойлық медальдармен марапатталған. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУДА ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМДА БОЛЫП, ҚАРҚЫНДЫ ҚАЙРАТ КӨРСЕТЕДІ ДЕП СЕНЕМІЗ!

САҒЫМБАЕВ НЕГЕ БОСАТЫЛДЫ?

Президент кеңесшісі Сағымбаевтың қызметтен кетуінің себебін айтты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ермек Сағымбаевты басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы шешім қабылдады.

Бұл жөнінде ҚР Президентінің кеңесшісі — баспасөз хатшысы Айбек Смадияров мәлімдеді.

Оның мәлімдеуінше, бұл шешім арнаулы қызметті реформалау міндетін табысты орындау мақсатында басшылық құрамдағы кадрлық ротация қажеттілігін ескере отырып қабылданды. Ермек Сағымбаевты қызметінен босату туралы шешім қабылдаған кезде Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлық оқиғасына қатысы бар тұлғалардың ұсталуын да назарға алған. Президенттің пікірінше, құқық қорғау органдары бірқатар олқылыққа жол берген. Осыған байланысты Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке де тәртіптік жаза жарияланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамымен жұмыс кеңесін өткізді. Президент министрлікке «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету міндеттерін орындау кезінде қызметтік тәртіпті нығайтып, полиция қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін арттыруды тапсырды.

Сондай-ақ, Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке полицияның қатардағы қызметкерлері мен офицерлік құрам арасында тәрбие жұмысын күшейту қажеттігі ескертілді.

БІР КҮНДЕ ТӨРТ ЕГІЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Тараз қалалық көпбейінді ауруханасы мен консультативтік-диагностикалық орталығының босану блогында бір күнде төрт ана егіз босанып, сегіз сәби өмірге келді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бұл – медицина қызметкерлері үшін де ерекше әрі есте қаларлық оқиға. Ана мен баланың амандығын қамтамасыз етуге акушер-гинекологтер, неонатологтер, акушерлер, анестезиолог-реаниматологтер мен мейіргерлер жұмылдырылды.

Мамандардың кәсібилігі мен үйлесімді жұмысының арқасында төрт отбасы бір мезетте қос қуанышқа кенелді. Дәрігерлер сәбилердің бауы берік, ұрпағы болуын, аналардың денсаулығы мықты болуын тіледі.

ЕШКІМ ДЕ ЗАҢНАН АТТАП КЕТЕ АЛМАЙДЫ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАТҚАНДАР – БІЗДІҢ ҚАС ЖАУЫМЫЗ! ЕЛІМІЗДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАТАҢ КҮРЕС БАСТАЛДЫ

«Егер сіз сыбайлас жемқорлықты жойғыңыз келсе, ең алдымен өз жақындарыңыз бен достарыңызды түрмеге отырғызуға дайын болуыңыз керек».
Ли Куан Ю, Сингапурдың тұңғыш премьері



☑ Еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр...

☑ Байлықтың үстінде отырған мемлекеттің қазынасын тонаудан жарыс жалғасып жатқанда, айлығы шайлығына жетпей, балалардың жәрдемақысын күтіп жүрген жұртқа қандай Әділеттілік жайлы не айтуға болады?!.

☑ Қоғамымызда атқаратын лауазымына, еңбегіне, туыстық байланыстарына қарамастан ешкім де заңнан аттап кете алмайды.

Бұл қатаң мәлімдеме Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ) басшыларының сыбайлас жемқорлық дерегімен ұсталуына орай айтылды.

Яғни еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі Ұлттық Қауіпсіздік мәселесіне айналды деген сөз бұл. Пара алудың көлемі бұндай биік дәрежеде талқылануы тарихымызда бірінші рет болып отырған болар...

☑ Саяси қаталдық пен түбегейлі бетбұрыс:

Президент «Самұрық-Қазына» мен «Қазақстан темір жолы» басшыларының шектен шыққан сыбайлас жемқорлықпен ұсталу дерегін жай ғана әкімшілік құқықбұзушылық немесе сыбайластық деңгейіндегі қателік емес, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне және болашағына қатер төндіретін ішкі қауіп ретінде «біздің қас жауымыз» деп айыптады. Бұл риторика биліктің бұрынғы жұмсақ немесе сауысқаннан сақ саясатынан түбегейлі бетбұрыс жасап, қатаң күрес кезеңіне өткенін көрсетеді.

☑ Қоғамдық көңіл-күй мен оянған үміт

Қоғамда ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік сектордың жабықтығына, қаржының тиімсіз жұмсалуына қатысты наразылық жиі айтылатын. «Самұрық-Қазынаны», жалпы квазимемлекеттік сектордың бюджетін бақылауды парламентке беру туралы біз де, «Ақ жол» партиясы бірнеше рет көтерген болатынбыз. Тіпті, «Самұрық-Қазынаны» тарату керек деген де ұсыныс жасағанбыз. Президенттің бұл турасын айтқан қатаң сөзі халықтың әділетсіздікке деген ашу-ызасымен үндесіп, «жоғарыдағыларға тиіспейді» деген қатып қалған стереотипті сеңді бұзуға бастаған қадам болды.

☑ «Заң мен Тәртіп» қағидатын қорғау

Президент өз сөзінде бұл қылмыстарды мемлекеттің жаңа Конституциялық реформаларына және алда қарқын алатын «Халықтық құрылыс» бағдарламасына жасалған қастандық ретінде сипаттады. Яғни жемқорлық тек қыруар халық қазынасын ұрлау ғана емес, бүкіл елдің даму жоспарын артқа тарту.

Президент мәлімдемесінде айтылғандай, тек соңғы үш жылдың ішінде, яғни 2023 және 2025 жылдар аралығында жалпы сомасы 248 миллиард теңгеден асатын 3 168 сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық жасалған. Оның 2 165-ін мемлекеттік қызметшілер жасаған, қалғанын квазимемлекеттік сектор қызметшілері жасаған. Ал осы жылдың он айы ішінде 751 сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасалған, соның 546-сын – мемлекеттік қызметшілер, ал 205-і өзге де тұлғалар, квазимемлекеттік сектор қызметшілері де бар.

☑ «Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр. Бірақ біз ешнәрсені де жасырмаймыз, басын құмға тыққан страустың кейпіне түспейміз. Біз осы саладағы мәселенің бәрін ашық айтамыз, жемқорлықты жою үшін қабылданған және қабылданатын шаралар туралы да ешнәрсені жасырмай, барлығын халыққа ашық көрсетіп отырамыз», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы.

☑ Сол себепті түрлі деңгейдегі басшылардың жымқыруға қатысты құқық бұзушылықтарды Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Бас прокуратурамен бірге жедел және жіті тексереді.

☑ Қауіпсіздік Кеңесінде Президент ел көптен күтіп жүрген сөзді ашық айтты.

«Өзіміздікі» және «Өзіміздікі емес», тіпті «бөтен» деп бөлуге мүлде жол берілмейді. Өйткені Конституцияда заң мен сот алдында бәрі тең екені анық жазылды. Біз бәріміз де осы заңға бағынуымыз керек. Жоғары лауазымға ие болу – әрқашан және әрдайым жүктелетін жоғары жауапкершілікті дұрыс түсіну деген сөз. Қоғамымызда атқаратын лауазымына, сіңірген еңбегіне не болмаса тамыр-таныстарына, соның ішінде туыстық байланыстарына қарамастан, ешкім де заңнан аттап кете алмайды. Бұл – мен үшін мызғымайтын, яғни өзгермейтін ұстаным. Соңғы кезде біз кейбір келісімдер мен шарттарды қайта қарадық. Меніңше, оларға қол қою қате шешім болған».

☑ ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың бұл мәлімдемесі әйгілі француз ағартушысы, философ, классикалық либерализмнің негізін қалаушылардың бірі, заңгер Шарль де Монтескьенің «Заңдар әділ, ешкімді бөлмейтін соқыр болуы керек. Егер заң бай мен кедейді бөлсе, ол мемлекеттің құруының басы», – деген белгілі сөзімен үндесіп жатыр.

Ал артта қалған Сингапурды Азия жолбарысына айналдырған тұңғыш премьер-министрі, елдегі жемқорлықты толығымен жойған реформатор, Ли Куан Ю данышпанның: «Егер сіз сыбайлас жемқорлықты жойғыңыз келсе, ең алдымен өз жақындарыңыз бен достарыңызды түрмеге отырғызуға дайын болуыңыз керек», – деген әйгілі сөзі бәрімізге белгілі.

☑ Біздің қоғамда баяғыдан бері билік басындағы басшылар мен байларға, олардың туған-туыстарына ешқандай заң жүрмейді деген қалыптасып қалған пікір бар. Енді Мемлекет басшысының бұл қатаң мәлімдемесі осы қалыптасқан пікірді түбірімен жоюы тиіс. Оның алғашқы нақты дәлелі – «Самұрық-Қазына»мен «Қазақстан темір жолы» басшыларының шектен шыққан сыбайлас жемқорлықпен ұсталуы. Бұл туралы Президент те: «Бұл – біз «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын жариялап, оны Конституциямызда мемлекеттік басқару мен қоғам өмірінің басты қағидаты ретінде бекіткелі бері біртұтас жүйеге кіретін мемлекеттік компанияларда болып тұрған сыбайлас жемқорлыққа қатысты алғашқы іс», – деп атап көрсетті.

☑ Бас прокуратура қайтарған жалпы сомасы 1,3 триллион теңгеден асатын заңсыз иемденген активтер қаржысы 466 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысына жұмсалды. Оның 383-і, медициналық мекемелер, сумен жабдықтау желілері, мектептер, спорт кешендері салынып біткен. Жұмыс жалғаса береді. Бірақ қазіргі қалыптасқан жағдайға байланысты нысандар қаншалықты сапалы салынғаны тексеріледі. Өйткені нысандардың, соның ішінде жолдардың сапасы талапқа сай болмайтын жағдай жиі кездеседі.

«Осы оқиғаның өзі жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар мемлекеттік компаниялардың ең осал тұсы, яғни басты дерті екенін айқын көрсетіп отыр», – деді Қ.Тоқаев.

Енді Үкімет пен бақылаушы органдар биыл 24 қарашаға дейін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтарды барынша азайту жөнінде ұсыныс беруі керек.

Мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуын арнайы құрылатын комиссия қадағалайды. Оның құрамы келесі аптаның басында жарияланады.

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын кәсіпкерлікті тексеруге тағы үш жылға шектеу қойылады.

Басшылары тұтқындалған «Самұрық-Қазына» мен ҚТЖ қалыпты жұмысын жалғастыра береді.

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР ДЕСЕК...

Әрине, мұндай қатаң мәлімдемелер халық арасында биліктің жемқорлықпен нақты күресіп жатқанына сенім ұялатады. Шынында да торға түскен торғайларға мән беруді қойған ел енді Самұрықтың өзі Қазынаны қарпып, асап жатып тұтқындалғанын көргенде, «Заң мен тәртіп» қағидаты шынымен де бәріне бірдей, адам таңдамайды дегенге көз жеткізе бастады!

Иә, Астанадағы «Атлант» ТК ауласында аспаннан ақша жауып, шашылып жатқан 8 чемодан бума-бума долларлардың видеосы тарап кетті. 6 миллион доллар пара алу туралы сөз желіде желдей есіп жүр.

☑ Шынында да бұндай масқараны қалай түсінуге болады?!.

Байлықтың үстінде отырған мемлекеттің қазынасы қайда кетіп жатыр, бюджет бүйірі неге толмайды десек, мәселе тым терең екен ғой дейді ел...

Қаншама жылдан бері Мемлекетті, Халық қазынасын тонаудан өтіп келе жатқан «социалистік жарыс» әлі жалғасып жатқанда, айлығы шайлығына жетпей, балалардың жәрдемақысын күтіп жүрген жұртқа қандай Әділеттілік жайлы не айтуға болады?!.

– Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау және «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтау аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары жалғасып жатыр, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі.

☑ Тек баяғы 2016 жылы бір миллион доллар пара алып ұсталған «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының президенті Василий Ни секілді қылмысын мойындағаны және «шын ниетпен өкінуіне» байланысты алты айдан кейін қылмыстық жауапкершіліктен босап, құтылып кетпесе деңіз?..

Бұларды қылмысын мойындамайды және «шын ниетпен өкінбейді» деп кім айта алады?

☑ Сондықтан, жүйелі түрде квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау, монополияларды бөлшектеу және сатып алу жүйесін шынайы ашық ету секілді терең экономикалық шешімдер тұруы тиіс.

☑ «Заң мен тәртіп» тегеурініне сүйеніп басталған бұл күшті серпін заңдылықтың тұрақты жұмыс істеуімен және тәуелсіз әділ сот төрелігімен бекітілуі тиіс. Әйтпесе, тек кезекті науқандық сипатта қалып қалуы да мүмкін...

☑ Жалпы елімізде басталған сыбайлас жемқорлыққа, заңсыздыққа қарсы басталған күресті ел қуана қуаттап, қолдайды. «Сыбайлас жемқорлық – бұл біздің қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең үлкен кесел. Онымен ымырасыз күресу – әрбір азаматтың міндеті», – деп Қ.Тоқаев айтқандай, бұл ашық майданға бәріміз де атсалысуымыз керек.

Ал жемқорлықпен күрестің нәтижесі қандай болатыны биліктің қайраты мен ерік-жігеріне байланысты.

Барлығын уақыт көрсетеді.

Қазыбек ИСА

№46 (1226) 16.11.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

«АТАМЕКЕН» МАҢЫЗДЫ БАСТАМА КӨТЕРДІ

Түркістанда өткен кәсіпкер әйелдердің ұлттық конгресіне еліміздің барлық өңірінен мыңға жуық қатысушы жиналды. Талқылаудың басты тақырыбы – компанияларды өркендету, қаржыландыру көздеріне қолжетімділік және жаңа нарықтарға шығу мәселелері болды.

Түркістанда өткен «1000 әйел – 1000 мүмкіндік» ұлттық конгресі өңірлік іскер әйелдер кеңестерін, Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығын, салалық бірлестіктер мен кәсіпкерлік қоғамдастықтарды бір арнаға тоғыстырды. Дүниежүзілік әйелдер кәсіпкерлігі күніне орайластырылған бұл конгресті «Атамекен» ҰКП Төралқасы жанындағы Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту комитеті ұйымдастырды.

Оның айтуынша, бүгінде кәсіпкер әйелдер бірқатар өзекті мәселелерге тап болып отыр. Атап айтқанда, кепілге қоятын мүліктің жетіспеушілігі, несие мөлшерлемелерінің жоғарылығы, қаржыландыруға қол жеткізудің қиындығы, өнім өткізу нарықтарының шектеулілігі және түрлі әкімшілік кедергілер әйелдер бизнесінің дамуына айтарлықтай әсер етуде.

Осыған байланысты Дания Еспаева мемлекеттік қолдау шараларын бір арнаға тоғыстырып, әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың нақты тетіктерін айқындайтын кешенді құжат қабылдау қажеттігін атап өтті.

«Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау – қайырымдылық та, біреуге берілетін артықшылық та емес. Бұл – ел экономикасына және Қазақстанның болашағына салынған инвестиция», – деді ол.

Көптеген кәсіпкер әйел алғашқы кәсібін өздері тұратын жерден бастайды. Ал, оны әрі қарай дамыту өндірісті кеңейтуге қажетті қаражат табуға және өз өнірінен тыс жерлерден сатып алушылар тартуға байланысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпорындарды ұзақ мерзімді қаржыландыруға және ауылдық өндірушілер үшін өткізу нарықтарын кеңейтуге ерекше назар аударған болатын. Түркістанда бұл мәселелер бүгінде жұмыс істеп жүрген компаниялардың нақты тәжірибесі негізінде қаралды.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының вице-спикері, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева конгресте негізгі баяндамашы ретінде сөз сөйледі. Ол кәсіпкер әйелдер, әсіресе аудандар мен ауылдарда тап болатын кедергілерге назар аударды. Олардың қатарында кепілдік қамсыздандырудың жетіспеушілігі, несие алу қиындықтары, әкімшілік жүктеме және өткізу нарықтарына қолжетімділіктің шектеулігі бар. Еспаева партияның Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге бастамашы болу ниетін жеткізіп, бизнеске арналған заңнамалық бастамаларды ілгерілетудегі Құрылтайдағы әйелдердің рөлін атап өтті.







«Елімізге мемлекеттік қолдау шараларын біріктіретін және әйелдер бизнесін дамытудың нақты тетіктерін айқындайтын кешенді құжат қажет деп санаймыз», – деді Дания Еспаева.

Ол тұжырымдамада қарыздарға кепілдік беруді, стартаптар мен өндірістік жобаларды қолдауды, сатып алулар мен экспортқа қолжетімділікті, цифрлық дағдыларды дамытуды және ауылдағы кәсіпкер әйелдерге арналған жеке бағдарламаларды қарастыруды ұсынды. Оның айтуынша, құжатты әзірлеуге әйелдер бірлестіктері мен салалық қауымдастықтарды тарту, сондай-ақ әрбір шара бойынша қаржыландыру көлемін, мерзімі мен тиімділік көрсеткіштерін нақты белгілеу маңызды.

«Атамекен» ҰКП Төралқа Төрағасы Қанат Шарлапаев әйелдердің экономикаға компания басшылары ретінде де, тұтынушылық сұранысты қалыптастыратын отбасылық шешімдерді бірлесе қабылдаушы ретінде де ықпал ететінін атап өтті. Жаңа ұрпақтың өсіп-жетілуімен білім беру, тұрғын үй, медицина және қызмет көрсету салаларына сұраныс артып келеді. Оның айтуынша, балалардың денсаулығына, біліміне және кәсіби даярлығына салынған инвестиция демографиялық өсімді экономикалық өсімге айналдыруға мүмкіндік береді. Әйелдер бизнесінің келешегі туралы айта келе, Шарлапаев кәсіпкер әйелдердің кез келген салада компанияларды дамытуға, технологияларды енгізуге және жасанды интеллект негізінде өз шешімдерін жасауға мүмкіндігі болуы керектігін баса айтты.

«Атамекеннің» міндеті – бизнес ашу кезіндегі кедергілерді азайтуға көмектесу, қаржыландыру мен инвестицияларға жол ашу, шағын кәсіпорындарды ірі тапсырыс берушілермен байланыстыру», – деді Қанат Шарлапаев.

Ол аудандар мен ауылдар мен шалғай аудандардағы кәсіпкерлік қоғамдастықтарға ерекше көңіл бөліп, компанияларға стандарттарды меңгеруге және экспортқа шығуға дайындалуға қолдау көрсетуді ұсынды. Шарлапаев бұл жұмыстың нәтижесін кәсіпорындардың өсуімен, ашылған жұмыс орындарымен, жаңа нарықтарға шығуымен және жүзеге асырылған инвестициялық жобалармен бағалау қажеттігін айтты.

«Атамекен» ҰКП Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту комитетінің төрағасы Лейла Күленова конгрестің Қазақстандағы әйелдер ұйымдарына ортақ алаң ретінде ұйымдастырылғанын айтты. Түркістанда өңірлік қауымдастықтар, салалық бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдар бір-бірінің жұмысымен танысып, бірлескен бастамаларды талқылауға мүмкіндік алды.

«Әр қоғамдастықтың күші – оның мүшелерінде, ал барлық қоғамдастықтың күші – бірлікте», – деп атап өтті Лейла Күленова.

Ол конгрестің бірлестіктер арасындағы тұрақты ынтымақтастыққа бастау болатынына, ал жаңа байланыстар серіктестік пен жобаларға ұласып, бүкіл елдегі кәсіпкер әйелдерге жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенім білдірді.

Конгресс қорытындысы бойынша «Атамекен» өңірлердегі кәсіпкер әйелдердің кеңес алуын, қаржыландыру табуын және өнім өткізуін жеңілдету мақсатында мемлекеттік органдармен және іскерлік бірлестіктермен жұмысты жалғастыруға ниетті.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТЫ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Құрылтай депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Бақтыбек Бибаев Астанада жастармен кездесіп, Мемлекет басшысының 28 қазандағы Жолдауында айқындалған басым бағыттарды талқылады. Дөңгелек үстелге «Ақ жол» демпартиясы жастар қанатының өкілдері қатысты.

Депутатпен ашық диалог барысында жастар Жолдауда көтерілген мәселелер жөнінде пікір білдіріп, ел дамуына қатысты ойларын ортаға салды. Бақтыбек Бибаевпен кездесу оларға өз көзқарастарын тікелей жеткізіп, елдегі өзгерістерді бірге талқылауға мүмкіндік берді.

Қатысушылар Президент Жолдауындағы бастамаларды толық қолдайтынын білдірді. Сондай-ақ белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға атсалысып, ел дамуына өз үлестерін қосуға дайын екенін жеткізді.

Дөңгелек үстел соңында қатысушыларға партия басшылығы атынан алғыс хаттар табысталды.

СТУДЕНТТЕРДІ ЖАТАҚХАНАМЕН ҚАМТУ ЖАЙЫ АЙТЫЛДЫ

Құрылтай депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Олжас Нұралдинов шетелдік жоғары оқу орындарының Қазақстандағы қызметі мен студенттерді жатақханамен қамту мәселелеріне арналған жұмыс кеңесіне қатысты.

Жиында студенттердің білім алу жағдайы, жатақхана орындарының жеткіліктілігі және сапалы білімге қолжетімділікті арттыру жолдары талқыланды.

Кеңеске ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі және «Қаржы орталығы» АҚ өкілдері қатысты.



ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕСІ ҚОЗҒАЛДЫ

Құрылтайдағы «Ақ жол» фракциясының депутаты Дәурен Ахметжаев Atameken Business арнасының эфирінде жаңа тұрғын үйлердің инфрақұрылыммен қамтылуы мәселесіне тоқталды.

Депутаттың айтуынша, тұрғын үй құрылысын жоспарлау кезінде болашақ тұрғындар саны, мектептер мен медициналық нысандарға қажеттілік ескерілуі тиіс. Бұл мәселе жергілікті әкімдіктерге де, жобалаушылар мен құрылыс компанияларына да қатысты.

Алайда тұрғын үйлер әлеуметтік нысандар мен жолдардан бұрын салынып бітуі мүмкін. Сондықтан баспана сатып алатын азаматтарға қажетті инфрақұрылымның қашан дайын болатыны туралы алдын ала нақты ақпарат берілуі керек.



Дәурен Ахметжаев мектептің, жолдың және медициналық нысандардың құрылысы қашан басталып, қашан аяқталатынын тұрғындарға ашық түсіндіру маңызды екенін атап өтті. Азаматтар жаңа баспанамен бірге қандай жағдайға көшетінін білуі тиіс.

Депутаттың айтуынша, мектептер мен ауруханалар қаланың бас жоспарында қарастырылады. Алайда олардың іске асуы республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлінуіне, құжаттардың дайындалуына және инженерлік желілердің тартылуына байланысты. Су, газ, жылу жеткізудің өзі уақыт пен қаражатты талап етеді.

Дәурен Ахметжаев әлеуметтік нысандар мүлде жоспарланбайды деу орынсыз екенін атап өтті. Құрылыстың созылу себептерін қарастырғанда қаржыландыру мен қажетті инфрақұрылымды дайындау мәселелерін де ескеру қажет.

Депутат 20 мың адам тұратын аумақтан шығатын жолдың небәрі екі жолақты болуы күнделікті кептеліске әкелетінін мысалға келтірді. Сондықтан жаңа үйлер салынғанда жолдардың мүмкіндігі, мектептер мен басқа да әлеуметтік нысандарға қажеттілік алдын ала есептелуі тиіс

Сонымен бірге, әлеуметтік нысандар толық дайын болғанша тұрғын үйлерді пайдалануға беруді кейінге қалдырудың да тұрғындарға әсері бар. Өз баспанасын күтіп, жалдамалы пәтерде тұратын отбасылар үшін әр ай – қосымша шығын.

Дәурен Ахметжаевтың айтуынша, мәселені шешуде осы екі тарап та ескерілуі қажет: тұрғындар баспанасына уақытылы қоныстанып, қажетті инфрақұрылымға қол жеткізуі керек.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ НЕДЕ?

Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы кездерде еліміздің экономика мәселелері өте қиыншылық жағдайларда шешіліп, көптеген ауыр белестерді өткергені мәлім. Макроэкономикалық мәселелер біраз сауатты шешіліп, соның нәтижесінде еліміздің экономикасында жетістіктердің болғанына ешкім шүбә келтіре алмайды. Осы экономикалық даму кездерінде ел басқару жүйесінде қателіктердің жіберілгені де шындық. Және де осы қателіктердің орын алуына объективті де, субъективті де себептердің болғаны даусыз. Біздің ел үшін ең маңызды мәселе – әлемдік жаһандану үдерісіне байланысты ұлтымыздың Тәуелсіздігін формалды түрде емес, нақты сақтап қалудың жолын табу болып отыр.



Ұлттық идея – қандай да бір халықтың өзіне тән ерекше құндылықтарын сақтай отыра, барша адамзаттың қол жеткізген, даму прогресін әкелетін ғылыми жетістіктерді пайдаланып, ұлттық мемлекет құруына жол ашатын ұстанымды бекітетін ұғым. Қазақ елі үшін ұлттық саясат ұстанымы – мемлекет құрушы қазақ халқының нақты Тәуелсіздігі мен құндылықтарын ұлттық идея негізінде сақтау.

Қазақ елінің экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігі, ел қауіпсіздігі мен жер біртұтастығының мәңгі (ұрандап емес) сақталғаны керек. Жер мен жер қойнауындағы байлығымыз (Ұлттық байлық) тек өз халқының кедейлік көрмейтін игілігіне жұмсалып, адамдардың әлеуметтік жағдайының үнемі жақсарып отыруы мен өз ұлтына тән рухани дамуына арналған бағыттың тұрақты түрде жүзеге асырылғаны абзал.

Экономикалық даму бағытындағы үлкен қателіктің бірі бар көңілді тек макроэкономика дамуына бөліп, ішкі экономиканың дамуына келгенде кібіртіктеп, жүйелі істің орнына бөлшек-бөлшек шаралар болмаса (оның өзі жемқорлар мен шонжарлардың есебін шешіп жатады), ұлттық деңгейдегі қалың бұқараның мәселесін шешетін бағдарламаның болмауы деп санаймыз.

Соның салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайы әлі де нашар, ауыл мен қалалардағы жұмыссыз, үйсіз-күйсіз отырғандардың барлығы қазақ десек қателеспеспіз.

Ал ауыл мен қаладағы пәтер жалдап жұмыс таппай жүрген қарапайым көпшіліктің мәселесін кім шешеді, оларға кім барып халін сұрайды, жай-күйін кім ойлайды? Билік пе?.. Оппозиция ма?... Жоқ, әлде ұлтшылдар ма?..

Бәріміз әлі де ұран, саяси шоу, айтыс-тартыс, құр сөзден аса алмай жүргендейміз.

Өкінішке қарай, ел сенімін артар серкелер мадақ пен атақ қуып жүр.

Қазақ ұлтының жаңғыруы, құндылықтарының сақталуы – бәріміздің борышымыз. Бәріміздің ортақ мақсатымыз біреу екенін ұғуымыз қажет. Мемлекеттің экономикасын тек ұлттық идея негізінде халқымыздың мүддесін қызғыштай қорғай алатын, әр заматтың дәулетті, ауқатты болуын шешетін саяси ұстаным бағытында дамытпаса, ел болуымызға еш кепілдік жоқ.

Сондықтан біз бұдан былай ұлттың мүддесін іспен қорғайтын жұмыстарды басқа, тиімді деңгейде жүргізудің сатысына көтерілуіміз қажет. Ол үшін білім, жігер, ынтымақ, бірлік, төзімділік және басқалардың қателескен қадамдарына кешірімділікпен қарап, менменшілдік пен бақталастықтан арылуымыз керек болар. Егер ұлтым деп жүрген азаматтар біздің алға қоятын талабымыз қазақтың келешегі десе, онда ең басты мәселе – ұлттың мүддесін қорғайтын экономиканың бағытын айқындау және сол бағытты мықты ұстау. Сонда ғана тәуелсіз, ұлттық құндылықтарды бағалайтын, халқы ауқатты егемен ел боламыз.

Еліміздің Тәуелсіздігі, ұлтымыздың мәңгі сақталуы тек ғылыми тұрғыдан қарап, тарихи даму жолынан сабақ алып, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан менталитетіне сай жол таба алғанда ғана мәңгі болатынын ұмытпауымыз қажет. Осы өзіндік жолды таңдауда көз жұмып батысқа ғана еліктемей, әлемдік өркениеттің тек тиімді жақтарын орынды пайдалануды үйренуіміз керек. Сонда ғана билік мемлекеттің ішкі таусылмас қуаты халықтың сеніміне ие бола алады. Бүкіл әлемдік қоғамдық даму үдерісінің заңдылығын ескере отырып, отарлық жүйе күйреуінің салдарынан пайда болып, өркениетті, экономикасы дамыған мемлекет құра білген елдердің тәжірибесінің елімізге тиімді жағын әкелу өте қажет. Бұл жерде Түркия, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур және Скандинавия елдерінің тәжірибесіне көңіл бөлу қажеттігі айтылып отыр.

Батыс елдері тәжірибесінің бізге келмейтінінің басты себебі: олардың даму жолының ұзақтығы (жүздеген жыл) және олардың басқа елдердің дәулетін тонау жолымен дамығандығы.

Ел келешегін, ұлт болашағын және әр азаматтың бақуатты болуын ойласақ, онда экономикалық дамудағы бағытымыз шикізат сатуды тежеп, оның орнына шикізаттан қалдықсыз өнім өндіретін өндірістерді дамытуды (қала мен ауылдық жерлерде завод, фабрика, шағын кәсіпорындар ашу) іске асыру қажет. Сонда ғана ешкімге экономикалық тәуелді болмай, саяси тәуелсіздігімізді сақтай аламыз.

Экономикалық даму кезеңінде урбанизация үрдісінің қарқынды жүруі белгілі, және де урбанизация әлемдік қоғамдар дамуының заңдылығына сай ары қарай дами беретіні де шындық. Яғни урбанизация біздің ұлттық мемелекет болуымызға лайықты әсерін тигізетіні аян. Сонымен қатар, бұл үдеріс әр халықты ғасырлар бойы қалыптасқан адами, рухани қасиеттерінен ада етіп, қатыгездік, жемқорлық, дүниеқорлық, өзімшілдік, пайдакүнемдік, нашақорлық және жантүршігерлік қылмыс жасайтындарды да көбейте түсетіні белгілі. Оны ешбір адам жоққа шығара алмайды. Сондықтан халқымыздың келешегі үшін ұрпағымызды азғындықтан сақтау жолы – ұлтымызға тән адами, рухани байлығымызды жоғалтпауды іске асыратын, қоғамды өрге сүйрейтін ұлттық сана қалыптастыру, баршамызға ортақ міндет (ұлт мәселесінде билік, оппозиция, ұлтшылдар деп бөлінбейік). Осы азаматтық борышты орындау үшін әр қазақ бірлікке, білімділікке, білгірлікке, рухани тазалаққа ұмтылып, іскерлігімен, жігерлігімен, парасаттылығымен басқа халықтардың өкілдеріне өзінің мемлекет құрушы ұлт екенін мойындатуы қажет. Қазіргі дүниежүзілік экономикалық үдерістің ерекшелігі жаһандану болғандықтан, біз экономикалық интеграция ықпалынан қашып құтыла алмаймыз. Бірақ бұл заңдылық деп дәрменсіздікпен, не болмаса өзімізді жаңашыл етіп көрсетумен қадам жасамай тұрып, бағытымызды терең ғылыми сараптан өткізбей және халықтың пікірімен санаспай интеграция қолтығына кіру – Тәуелсіздігімізді өз қолымызбен шектеу болады. Интеграциялық одақтарға кіру үшін ең алдымен, біз сол ұйымдағы басқа елдермен тең дәрежеде дамыған деңгейге жетпесек, ұлттық мүддемізді ешқашан қорғай алмаймыз. Саяси, не болмаса басқадай себептермен егемендігімізге зиян келтіретін қадамдарға баруға шектеу қоятын механизмді заңдастыру қажет. Ел байлығына иелік аз ғана топ пен алпауыт елдер кәсіпкерлерінің қолында болуы қазақ жерінде орта және шағын кәсіпті дамытуды тежейді. Орта және шағын кәсіп дамымай жұмыссыздық, кедейшілдік және соның салдарынан болатын көптеген келеңсіз жағдайлардың туындап жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Осы қалыптасқан жағдайдың түпкі себебінен арылмасақ, жамау-жамау шаралар бірде-бір мәселені түбегейлі шешпейді. Орта және шағын кәсіпті дамытудағы ең маңызды мәселе – қаржылай несие және салықтық жеңілдіктермен қатар, мемлекет тарапынан жаңа техника мен технология мәселесін шешуге көмек көрсету. Орта және шағын кәсіптің дамуы экономиканың ұлттық сипаты мен ерекшелігін қалыптастырып, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына әкеледі.

Ұлттың дамуы оның экономикасының даму деңгейі – ұлттық ғылымды дамытса ғана дамиды. Біз шын ұлттық мүддені қорғайтын бағыт ұстансақ, ғылымнан қаржы аямағанымыз жөн. Ғалымдарды бағалайтын, асқақтататын орта тудырып, дарынды жастарды ғылымға тартсақ, сонда ғана халқымыздың болашағына сенімді боламыз. Ғылымды дамытпаған елдің келешегі жоқ. Ал ұлт мүддесіне қызмет етпей өз күйін күйттеген ғалымнан не пайда? Ондайлардан тазарған ләзім. Шын ұлтымыздың келешегін ойласақ, алдымен шешілетін мәселе – ауылдың экономикасын, әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін қала деңгейіне жеткізуді іске асыру. Кейбіреулер бұл пікірді қиял деуі мүмкін. Жауабы, озық Еуропадағы экономикасы аграрлық сипатта дамыған жер аумағы мен халқының саны аз Дания бүкіл батыс Еурапа елдерінің ауыл шаруашылығы азық-түлігі қажеттілігінің 30 пайызға жуығын береді. Голландия да сондай. Осы елдерде ауыл шаруашылығымен шұғылданатын мекендердің әлеуметтік, тұрмыстық және мәдени деңгейлері қала тұрғындарымен теңдес. Осының өзі еңбек өнімінің өсіп-жетілуіне зор ықпал етеді.

Тәуелсіз, табиғи байлығы мол Қазақ елінің ауылын көтеруге болмайды дегендерге қосылу ұлтымызға қиянат жасаумен тең. Бұндай сылтау айтатындар ел келешегі емес, тек бүгінгі күнгі өз пайдасын ойлағандар ғана. Осы мәселені шешу үшін ынта, жігер, қарапайым халықтың жағдайына жаны ашитын іскерлік қадам керек. Яғни ел билігінде отырған азаматтар сөзден іске көшіп, шын халықтың ұлттық мүддесін қорғайтын құлық көрсетуі қажет.

Біздің еліміздің кең-байтақ аумақтағы жер қойнауы байлығымен қоса даласы мен тауларының да, теңіз, көлдері мен өзендерінің де азық-түлік, тағы басқадай өнімдерді өндірудегі таусылмас қазына көзі екені белгілі.

Сонымен қатар, табиғи байлығы жоқ елдердің тәжірибесін пайдаланып, жол мен инфрақұрылымды дамытып, туризм саласын қолға алу қажет. Осы ерекшелерді пайдалану үшін ұлттық идея негізіне сүйене отырып, ауылды дамыту туралы арнайы бағдарлама жасалуға тиіс. Оған мұнайдан, қазба кендерінен түсетін пайданың 30 пайызын жұмсап отыру қажет деп білеміз. Ұлттық қордың (биліктік кетігі мен кемшіліктерін жамауға жұмсалып жатқан) 50 жылдан кейін ұрпаққа әкелетін «жақсылығын» осы ұлттық бағдарламаға бұру іс жүзінде келешек ұрпаққа жасалатын қамқорлық болмақ.

Экономикалық дамудың қуатты болуы қоғамдағы азаматтардың әлеуметтік теңсіздік алшақтығының деңгейінің өсуіне жол берілмейтін механизмдерді ұтымды пайдалануға да байланысты. Яғни Ұлттық байлықтың қызығын барша халық көруі керек. Байлығы мол қазақ жерінде халықты кедейшілікке душар ету – оған қастандық жасаумен тең.

Әр азамат ауқатты болса – ел бай, мемлекет мықты, қуатты болады деген қағиданы экономикалық дамудың негізгі бағыты еткенде ғана, халықтың болашағы күмәнсіз болады. Сонда ғана ұлттық рухани сана қалыптасып, ынтымағы бекіп, халық ұлттық жаңғыру шыңына жете алады. Ал Батыс елдерінің даму үрдісінің артықшылығын мадақтап, қанша дәріптесе де, еліміз ол жолмен ойдағыдай дамымайды. Капитализмнің негізгі идеологиясы пайда табуды фетишизмге айналдыратынын, әр адамның көкейіне өзімшілдік, пайдакүнемдік, дүниеқорлық уын шашып, адамзатты адами құндылықтардан айыратынын естен шығармайық. Сондықтан да экономикалық дамуда өте сақ болған жөн.

Қазақ құлдық мінезден арылып, келешекте алып қуат-күшке иелік ететін жігері мықты (пассионарлы) халық болуға ұмтылуы керек. Қазіргі әлемде интелектуалды күрес жүріп жатыр, жеңіс тек ғылыми, технологиялық озық идеяларды ұлттық ерекшеліктермен ұштастырып, рухани азғындыққа ұшырамай, ұлттық мүддесін қорғай білетін халық қана өзін сақтап қалатыны белгілі. Сол себепті, біздің мақсатымыз еліміздің келешегі бұлтсыз аспанымен, бұдырсыз соқпағымен мәңгі жасай берсін десек, онда оны іске асыратын ұлттық сана негізінде ұрпақ тәрбиелеу ләзім.

Кейбір ағайын мен түрлі топтар: ұлттық мемлекет, ұлттық экономика дегенді – қазақтар «ұлтшыл мемлекет құрып, бәріміздің құқығымызды шектегелі жатыр» деген қауесет таратуы ғажап емес. Ұлттық мемлекет – әлемдегі демократиялық елдердің тәжірибесіне сәйкес, мемлекет құрушы қазақ халқының құндылықтары негізіндегі құрылатын мемлекет. Онда бірде-бір халықтың құқығы, болашағы шектелмейді. Қайта ол әр азаматтың бақытты, дәулетті, тең құқылы өмір сүруіне мүмкіндік жасап, үлкен жауапкершілікті мойнына алады.

Көрші Ресейді мысалға алсақ, ондағы ақпарат құралдарында сағат сайын мынау орыс жері, орыс табиғаты, орыс радиосы, орыс даласы, орыс сырасы, орыс қысы деген сияқтыларды айтып жатады. Бірақ оны сол жақта тұрып жатқан орыс емес халықтар біздің құқымызды шектеді деп айғайламайтыны белгілі. Біз осындай қадамдар арқылы тәрбие жүргізуді ойластырып, оның мәнін дер кезінде дәйекті, сауатты, салиқалы түрде жауабын беріп, ұғындыруымыз қажет.

Болат ДҮЙСЕМБІ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,

Алматы

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ БІРІЗДЕНДІРУ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛСЕ, АЛА-ҚҰЛАЛЫҚТАН АРЫЛАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында: «...қазір қазақ тіліндегі кейбір сөздер, ұғымдар, тіпті, түсініктер әртүрлі қолданылып жүр. Бұл – жылы жауып қоя салатын жеңіл-желпі дүние емес. Себебі мұндай жағдай жұртты шатастырып, тіл тазалығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазақ тілін қолдану ісінде нақты жүйенің, белгілі бір тәртіптің болуына баса мән берген жөн» дегенді айтты. Тілдегі осы мінді қалай түзеуге болады? Халықаралық және орысша терминдердің қазақша нұсқаларын жасау ісі қалай жүргізіліп келеді? «Қазақ үні» белгілі тілтанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлымен осы төңіректе сұхбат құрды.



Академик Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ:

– Совет кезінде ай атаулары және басқа да көптеген сөздеріміз өзге тілде болды. Ал 1990 жылдан бастап, сосын тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінде жаңа атаулар қалыптастыруға кірістік. Соның бәрі 1991–96 жылдары студент болған, кейін еңбек жолын бастаған біздің көз алдымызда болды. Бірақ тіл мамандарының сол кездегі атқарған жұмыстары көзге көрінбейтін десе де болады. Ол тұста жас мамансыз ғой. Осынау ауқымды шаруа о баста қалай жүргізілді? Басы-қасында кімдер болды?

– Ол кезеңде тек ай атаулары ғана емес, *семья, документ, председатель, протокол, проспект, пенсия, пенсионер, клетка, финансист, юрист, спонсор* тәрізді жүздеген кірме сөздер, терминдер дәл орыс тіліндегідей қолданылатын еді. Советтік тіл саясатының, сол кезеңнің сөзжасам, терминжасам талаптарына сәйкес мұндай атаулар аударылмай, тұлғасы өзгертілмей қолданылды. 90-жылдардан бастап, қоғамда болған тарихи өзгерістерге байланысты тіл біліміндегі советтік теорияларға, соның ішінде сөзжасам, терминжасам қағидаттарына лингвист ғалымдар тарапынан жаңаша баға беріле бастады. Бұл орайда 1993 жылы академик Ә.Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас», профессор Б.Қалиұлының және басқа да тіл мамандарының қазақ терминдерін жасау, қолдану мәселесіне қатысты еңбектерін атап айтуға болады.

Осы 90-жылдардың басында ғылымға келген біздің буын да, өзіміз де советтік ұстанымдардан арылып, сөз, термин жасау, шет тілдерінен сөз алу, өзге тілдің терминдерін аударуға қатысты тұжырымдарымызды ғылыми қауымға ұсындық. Бұл мәселе төңірегінде 90-жылдары қызу пікірталастар да болды. Ғалымдардың пікірі бір арнаға бірден тоғыса қойған жоқ. Алғашқы кезеңде қазақша сөз жасауға, кірме сөздерді аударуға қарсы шыққан филологтар да, сала мамандары да аз болмады. Тілші ғалымдардың да пікірлері қақ жарылғанын көрдік. Бірі – бұрынғы қағидаттарды, қалыптасқан дәстүрді бұзбайық десе, екіншілері – ескі қағидаттар жаңа кезеңге жарамайды, өз жолымызды белгілейік деді.

Көпшілік арасында құлағына сіңген, көзі үйренген кірме атауларды қазақшалауды қажет деп санамайтындар қашанда аз болмайды. Бұл – психологиялық, әлеуметтік мәселе. Сөзқолданыстағы қалыптасқан дағды, әдет, үйреншіктілік жаңа атауды қабылдауға оңайлықпен жол бермейді. Оның сыртында сөздің ұтымды жасалуы, ұғымға сәйкес келу мәселесі тағы бар. Сол себептен де жаңа жасалған сөздер мен терминдер бірден жылы қабылданып, тілдік қолданысқа еніп кеткен жоқ. Олар мамандар арасында, баспасөз бетінде талқыға түсті. Сондай талқыдан өткеннен кейін біртіндеп қолданысқа енді. Тілдік норма, сөз сапасына жауапкершілікпен қарау тұрғысынан келгенде, солай болуы дұрыс та.

Сөздік қорға тіл нормасына сай келмейтін, талғамсыз жасалған, ұғым мазмұнын аша алмайтын сөздерді енгізгеннен тіл ұтпайды. Жоғарыдағы советтік кезең атауларының *отбасы, құжат, төраға, хаттама, даңғыл, зейнетақы, зейнеткер, жасуша, қаржыгер, заңгер, демеуші* тәрізді қазіргі қолданыстағы нұсқалары да осындай сұрыптаудан өтіп барып тұрақталған атаулар. Мәселен, *гимн, герб, суверенитет, комплекс* сияқты сөздердің *әнұран, елтаңба, егемендік, кешен* түрінде аударылуына үзілді-кесілді қарсы болған ғалымдар, ақын-жазушылар да болды. Оны сол кезеңнің баспасөзі растай алады.

Біз еңбек жолымызды бастаған 90-жылдардан бастап, тілімізде пайда болып жатқан жаңа атауларды жинақтап, зерттеп келеміз. Бірнеше кітап, 2023 жылы «Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі» деп аталатын көлемді сөздік шығардық. Сол сөздікке енген *әдіскер, әдістеме, әуежай, бағам, бітімгер, дәмдеуіш, дереккөз, достастық, келіссөз, жәрдемақы, айыппұл, кеден, қандауыр, қасбет, қоныстой, мерейтой, иіссу, күнтізбе, жеделхат, көкөніс, оқылым, отшашу, өтіл, өтінім, рәсім, салым, салымшы, сатылым, сәнгер, тағылымдама, таралым, төралқа, төлем, тікұшақ, уағдаластық, ұшақ, үлескер, үдеріс, шегерім, ықпалдастық, іссапар* сияқты ондаған сөз соңғы 30 жыл көлемінде қолданысқа енді, лексикалық қорымызды байытты. Осы жақсы тәжірибе жалғаса беруі керек. Бірақ сөз жасағанның жөні осы екен деп, сапасыз жасалған сөздерді тілге тықпалауға жол беруге болмайды.

– Сол кездерді айтқанда, жаңағы ай аттарына қатысты дау болғаны еске түседі. «Түпнұсқа бұлай емес еді» деген әңгіме шықты. Мысалы, кейбіреулер сәуірді «көкек» деп қолданып жүрді. «Пәлен айдың пәленінші жұлдызы» деп те жаздық. Оны кейін дұрыс емес деді. Бұл жағдай сосын қалай реттелді? Жалпы, ол кезде басқа қандай сөздерге қатысты даулар болды?

– Ай атауларына, шоқжұлдыз атауларына қатысты да пікірталастар, түрлі ұсыныстар болды. «Сәуір» араб сөзі, ай атауы қазақша «көкек» болуы керек» деген пікірлер айтылды. Бастапқыда бұрынғы «апрель» орнына «көкек» пен «сәуір» жарыса жұмсала бастағанымен ақыры «сәуір» тұрақтады. Бүгінгі уақытта осыдан отыз жыл бұрын ай аттарының мүлде басқаша болғанын бүгінгі ұрпақ біле бермеуі де мүмкін. Тіпті бір кезде январь, февраль дейтін өзіміз де қазір ол атауларды қолданбайтын болдық. Қазақша ай аттары тілде әбден орнықты.

Ал «қарашаның жетінші жұлдызы» сияқты қолданыстардың тоқтатылуына қазіргі күн санауымыз ай мен жұлдызға емес, күнге, тәуліктің күндізгі мезгіліне негізделгендіктен «жұлдыз» сөзін жазу дұрыс емес деген уәжге тоқталушылар басым болуы себеп болды-ау деймін. Жалпы қазіргі уақытта да Григориан күнтізбесінің кемшіліктерін көрсетіп, жылды әрқайсында тұп-тура 28 күн бар 13 айға бөлетін жаңа күнтізбе ұсынып жүрген мамандар бар.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев академик Шерубай Құрманбайұлына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын берді.

Ол кезеңде пікірталасқа негіз болған сөздер аз болған жоқ. Мәселен, «семья» орнына «үйелмен», «шаңырақ», «жанұя» баламалары ұсынылды. Солардың арасында «отбасы» мен «жанұя» біраз уақыт жарыса қолданылды. «Жанұяның» жасанды сөз екенін, «отбасы» дұрыс екенін дәлелдеген мақалалар да жазылды, радио-телеарналардан түрлі пікірлер де айтылды. Сондай-ақ *әкімдік – әкімят, кептеліс – кептелек – тығын – тығырық, тыңдауыш – құлаққигіш – құлақілдірік – құлаққап, ұялы телефон – қалтафон – қалтателефон, медбике – медбибі – мейірбике, мөлтекаудан – ықшамаудан – шағынаудан* сияқты баламалар баспасөзде қатар қолданылып, бұл атаулар төңірегінде түрлі пікірлер айтылды. Сондай-ақ з*ауыт, пойыз, пошта, тауар, шопыр, шенеунік, Бейжің, Мәскеу* сөздерінің қазақ айтылымына бейімделіп жазылуы да талай әңгімеге арқау болды. Бұл атаулардың бүгінгі қолданыстағы нұсқалары осылайша талай талқыдан өтіп барып орнықты.

– Бүгінге дейін қазақша нұсқасы жасалған қандай сөздер сәтті болып шықты? Ал қайсысын халық қабылдай алмады? Әрине, бәрін бірдей тізіп шығу мүмкін емес. Сондықтан мысал келтіре отырып айтсаңыз...

– Жоғарыда ондай сәтті жасалған сөздердің біразын атап өттім. Олардың қатарын а*йдауыл, алғысхат, аскөк, аталым, әкімдік, әлеуметтану, бәссауда, бейнежазба, борышкер, дәйексөз, дәнекерлеуші, деректану, елорда, елтану, жалгер, жасауыл, жолақы, жүкқұжат, заңнама, зертхана, кәдесый, қаралым, қойылым, құжаттама, нашақор, өтемақы, пәтерақы, сарапшы, саясаткер, саябақ, сөзжасам, сыйақы, тапсырыс, тосынсый, төсбелгі, тігінді, тіркеме, шегерім, іс-шара* деп жалғастыра беруге болады. Осы сөздер қазіргі тілімізде кеңінен қолданылып жүр. Сәтті жасалған немесе тілдің көне қабаттарынан алынып мағынасы қайта жаңғыртылып қолданылып жүрген атаулар бұлармен де шектелмейді. Халық бұларды жақсы қабылдады деуге негіз бар. Нормативтік сөздіктер мен оқулықтарға еніп, көркем шығармалар мен мерзімді басылымдарда жаппай қолданып жүргені соның айғағы.

№46 (1226) 16.11.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Жұртшылық жатсынып, жақсы қабылдамаған да сөздер аз емес. Олардың қатарына: *лыпы (лифт), масқарапаз (клоун), мөлтекаудан (микрорайон), мәкүрік (микроб), мүкаммал (инвентарь), пісек (шприц), түрпішін (форма), тығын (транспортная пробка), уәзипа (функция), үзіктеме (фрагмент), үнбайрақ (радио), шұбыртқы (рецепт), сатарман (продавец)* сияқты сөздерді қосуға болады. Көпшіліктің көңілінен шықпаған мұндай сөздер жекелеген авторлардың еңбектерінде ғана қолданылды немесе ұсыныс деңгейінде қалып қойды.

– Терминдерге қатысты түрлі даудың әлі күнге дейін жалғасып келе жатқаны мәлім. Қазір совет кезіндегідей терминология комиссиясы бекіткен атауларды жаппай сол күйінде қолдануға міндеттейтін орган жоқ екен. Сөзді әркім өз білгенінше қолданып жүр. Енді бұны қалай шешуге болады?

– Иә. Біздегі термин қолданысындағы жарыспалылыққа жол берілуінің ең басты себебі – терминологияны біріздендіру жұмыстарының жолға қойылмауы. Термин-жасам үдерісін үйлестіріп, ұлт тілінде жасалған және шет тілдерінен қабылданған терминдерді іріктеуден өткізіп ресми бекіту мен одан кейінгі қолданысын қадағалап отыруға қауқарлы, оған құзыреті жететін құрылым болмай отырғаны рас. Республикалық терминкомның ондай құзыреті жоқ.

Біріншіден, Рестерминком тұрақты қызмет ететін орган емес, түскен ұсыныстарды қарау үшін тоқсанына бір рет жиналатын комиссия. Екіншіден, комиссия консультативтік-кеңесші орган болғандықтан оның шешімдерін орындау міндетті емес. Сондықтан да Рестерминком бекіткен терминдерді қолданбай, өзі қалаған терминді қолданғаны үшін комиссия алдында ешкім жауап бермейді. Бұл бұрын Мемлекеттік комиссия (Гостерминком) еді, одан кейін мәртебесі төмендеп республикалық комиссияға айналды. Кезінде бұл комиссия отырыстарына Премьер-министрдің орынбасары, сала министрі төрағалық ететін. Оның жұмысына ерекше мән берілетін. Одан бері ректе вице-министр, комитет төрағасы өткізіп жүрді. Кейінірек комитет төрағасының орынбасарларына көшсе, қазір оның жұмысын жүргізу көбінесе комитеттің басқарма басшыларының үлесіне тиіпті. Көріп отырғанымыздай комиссияның мәртебесі де, өту деңгейі де жылдан-жылға төмендеп отыр. Осының бәрі жиналып келіп Рестерминком жұмысының сапасына, оның шешімдерінің орындалуына әсер етпей қоймайды. Сол себепті бұл комиссияның мәртебесін де, құрылымын да, жұмыс істеу тәртібін де өзгерту арқылы ғана елдегі терминологиялық жұмыстардың сапасын жақсартуға болады. Бұл жайында біз бұған дейін де сан мәрте айтқанбыз. Одан тиісті нәтиже шығарылғанын әзірге көре алмай отырмыз.

– Президент Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзінде осы мәселені көтеріп, қазақ тіліндегі кейбір сөздер, ұғымдар, тіпті, түсініктердің әртүрлі қолданылып жүргеніне, яғни бірізділік жоқтығына тоқталды. Енді бұл салада нақты жүйе, белгілі бір тәртіп болуы керектігін айтты. Осы тұрғыда сіздің ойыңызды білсек...

– Бұл мәселеге қатысты ойымызды біз алдыңғы сұрақтарыңызға қатысты да айттық. Сондықтан бұл жерде жауабымызды қысқа қайырып, тоқ етеріне ғана тоқталып өткеніміз жөн шығар. Терминдер қолданысының реттелуі – терминологиялық жұмыстардың сапалы жүргізілуіне тікелей тәуелді. Терминологияны біріздендіру, үйлестіру жұмыстары жүйелі, кәсіби түрде жүргізілсе ғана жарыспалылықтан, термин қолданысындағы ала-құлалықтан арылуға болады. Мемлекет басшысы айтып отырған жүйелілік, тәртіп сонда орнайды. Басқаша болуы мүмкін емес.

– Биыл жаңа оқу жылы басталғанда біраз әңгіме болды. Мысалы, «қыркүйекті» «қыргүйек», «көкөністі» «көгөніс» деп жазуға байланысты. Ал осылайша сөзді айтылуы бойынша жазу А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының соңғы (2013 жылғы) «Орфографиялық сөздігінде» бекітілген екен. Бірақ оны көпшілік әлі күнге дейін қолданып отырған жоқ. Енді жаңа орфографиялық сөздік жасағанда көпшіліктің пікірін ескерген жөн бе?

– 2013 жылы шыққан «Орфографиялық сөздік» бұрын «қыркүйек» түрінде жазылып келген ай атауын «қыргүйек» деп өзгерткенімен, оны халық қабылдай қоймағаны рас. Сол сияқты «көгөніс», «көгөнісші» сөздерінің жазылуымен келіспеушілер қатары да аз болмады.

Тіл халықтікі болғандықтан кез келген сөзге қатысты әркім өз пікірін білдіре алады. Әр азаматтың ойын айтуға, пікірін білдіруге хақы бар. Әдетте саясаттанушылар да, әлеуметтанушылар да, психологтар да, лингвистер де қоғамдық пікірді есепке алады. Бұл тұрғыдан келгенде тіл тіпті нәзік мәселе. Бір ғана «қыргүйек» сөзінің төңірегіндегі пікір қайшылығы қоғамға қандай қозғау салғаны соның айқын көрінісі.

Ал енді мәселені шешуге, істің мәнжайын анықтауға келгенде әр кез маманға жүгінетініміз мәлім. Тілге келгенде де, соның ішінде орфография мәселесін шешуде де әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық факторлар болатыны тілші ғалымдарға жақсы таныс. Сондықтан бұл жағдайда да тіл мамандары көпшілік пікірін де, тіл заңдылықтарын да ескере отырып бір тоқтамға келеді деп білеміз.

– Түрлі салалық терминдерде де біркелкілік жоқ. Соның бәрін біріздендіру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Сала терминдерін жасайтын да, оларды оқулықтар мен ғылыми еңбектерінде, оқу үдерісінде, ғылыми коммуникация кезінде қолданатын да сол мамандарының өздері. Терминдерін жасап, сөздіктерін шығарып, талас тудырған терминдерін өзара талқыға салып, келісіп-кеңесе отырып бір тоқтамға келу сала мамандарының өз қолында. Ары қарай сол терминдерді ресми органдардың мақұлдауына ұсынып, бекітіп, стандарттап қолданатын болса, сала терминологиясы бір ізге түседі.

– Қазір технологияның қарыштап дамуына байланысты бұл салада жаңа терминдер өте жиі пайда болуда. Солардың қазақша нұсқасын ойлап табудағы біздің мамандардың әрекеті қаншалықты дұрыс болып жатыр?

– Ғылым мен технология дамыған сайын түрлі салалардағы жаңа ұғымдардың пайда болуы табиғи үдеріс. Сол ұғымдардың қазақша атауларын жасау үшін тиісті салаларда еңбек ететін мамандардың, ғалымдардың қазақ тілін жетік білуі өте маңызды. Өзі ағылшын, қытай немесе орыс тілінде білім алған, қазақ тіліне шорқақ маман қазақша термин жасайын деп бас қатырмайды. Ол өзі оқып, білім алған, маманданған, терминологиясы қалыптасқан тілдің дайын терминдерін қолдана бергенді құп көреді.

Нанотехнология, биотехнология, робототехника, нейробиология, жасанды интеллект, биоэнергетика, ядролық энергетика, сутегі энергетикасы сияқты салаларда қазақ тіліне жетік, ғылыми еңбектерін қазақша жазатын ғалымдар, кәсіби қызметінде қазақ тілін пайдаланатын сала мамандары жеткілікті деп айта алмаймыз. Дәлірек айтқанда, ондай мамандар өте аз. Ендеше бұл салалардағы қазақ тілінің қолданысы да, термин жасау үдерісі де соған сәйкес төмен деген сөз. Мұндай мемлекеттік маңызы бар мәселелерді елдегі ғылым саясатын белгілейтін мемлекеттік органдар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі шешуге тиіс.

– Менің осы сұрақтарымда қамтылмай қалған жайттар бар ма? Қандай сұрақты қоя алмадым?

– Сұраймыз, айтамыз десек, терминологияның талқылайтын мәселесі көп қой. Оның бәрін бір сұхбатта қамту мүмкін болмас. Сіз терминдер қолданысы мен терминологияны реттеуге қатысты біраз мәселені сұрадыңыз деп ойлаймын. Қалған мәселелер әлі де қозғала жатар.

– Уақыт бөліп, өте өзекті мәселе төңірегінде ой бөліскеніңізге көп рақмет! Сізді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атануыңызбен редакция атынан құттықтаймыз! Еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

– Рақмет! Сіздердің де жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан
Оразәлі БАЙМҰРАТ

● ОЙТАЛҚЫ

ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ

Президенттің тілге қатысты талабы қалай орындалуы керек?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзінде «Қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет. Басқа көзқарастың болуы мүмкін емес.

Сондықтан қазақ тіліне сылдастықпен қарау, бұл – азаматтық, адами борыш. Ал парыз қаншама қастерлі болса да, оның мықты негізі болуы керек» деді. Мен осы айтылғанды заңдық тұрғыда қалай орындауымыз керек екеніне тоқталсам деймін.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл талапты Қазақстан азаматтарына тағы да бір айтып өту арқылы сіз бен бізге Ата Заңдағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деген ережені әрқашан да орындауымыз керектігін ескертті. Өйткені бұл норма 1995 жылғы Конституцияда, сондай-ақ 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енген жаңа Конституцияның 9-бабы 1-тармағында көрсетілген.

Осы Конституция талабын орындау қалай жүргізілуі керек, ненің қалай жасалғаны жөн екеніне қатысты күрделі мәселені ойлаған кезде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясының ашылуында: «Ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде сұранысқа ие, ұлттық мәдениетімізді, болмысымызды шырайлы да шұрайлы туған тіліміз арқылы көрсетеміз. Қазақ тілінде бір ауыз сөз айта алмау білімсіздік пен мәдениетсіздіктің белгісіне айналды» деп айтқаны есіме түсті. Сол кезде бұл сөз маған қатты әсер еткен еді. Неге дейсіз ғой? Бізде әлі де сол билік орындарында, Құрылтайда, Жоғарғы сотта, Конституциялық сотта, министрліктерде, мемлекеттік органдарда жоғары лауазымдарды атқарып отырған, бірақ мемлекеттік тілде тіпті қарапайым сөздерді де айта алмайтын қызметкерлер бар екені жасырын емес.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында.

Түйсігі бар, түсінген адамға бұл – Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметтегілерге қатаң ескертуі. Сіздер қазақ тілін тез арада үйренуге міндеттісіздер, не болмаса орныңызды босатыңыздар дегенге меңзеп отыр. Себебі заңдарға сәйкес мемлекеттік қызметке тек қана мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан азаматы тағайындалады.

Бұл тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін реттейтін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» арнайы заңның 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсету арқылы міндеттелген.

Демек, жоғарыда атап өткен биліктегі азаматтар Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңға сәйкес, қазақ тілін меңгеруге және өз қызметін сол мемлекеттік тілде жүзеге асыруға міндетті. Бұл олардың іскерлік қазақ тілін шұғыл түрде меңгеруі керектігін білдіреді. Олар өз біліктілігін арттыруға тиіс. Ал мемлекеттік тілді меңгеруге талпынбаған жағдайда өз еркімен қызметінен кетуі немесе біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты атқаратын лауазымынан босатылуы қажет.

Мен бұған дейін де Үкіметке, Парламентке және министрлікке бір күнді толығымен мемлекеттік тілге арнауды ұсынған болатынмын. Өйткені қазіргі кезде қазақ тілін білуге талпынушылар саны артуда. Көптеген тіл үйрету орталықтары ашылуда, осы арқылы біз барлық этнос өкілдеріне, қазақ азаматтарына да ешкімнің келемеждеуінен қорықпай, қысылмай және ұялмай қазақ тілінде сөйлеп үйренуіне мүмкіндік берер едік.

Осыны ескере отырып, мемлекеттік тілді қолдау ниетімен ұсынарым, олардың еш қысылмай мемлекеттік тілде сөйлеп, ортаға үйренуі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін», «Тіл, ұлтаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды факторлар» деген сөздерін насихаттау жолында бүкіл Қазақстан аумағында барлығымыз бір күнді белгілеп, сол күні тек қана қазақ тілінде араласып, жұмыс барысында солай сөйлессек, бұл Отанға деген сүйіспеншілігімізді арттырып, патриотизмді күшейтіп, Ел азаматтарын бір шаңырақ астына біріктірер еді.

Ұлттық идеология қазақ тілінен, ділінен, қазақ халқының көне тарихынан бастау алады. Егер де біздің мемлекетіміз мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қазақ халқының әдет-ғұрпын, рухын, тілін идеологияның басты тұғыры ретінде қабылдаса, қазіргі әлемде болып отырған аумалы-төкпелі заманнан теңселмей өтеміз деп ойлаймын.

Айыпқан МҰХАМАДИЕВ,
заң ғылымының кандидаты

№46 (1226) 16.11.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС –





Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты биылғы Жолдауы өзінің ауқымдылығы жағынан дәстүрлі шеңберден шығып, шын мәнінде, қазақ ұлтының стратегиялық даму бағыттарын бір емес, алдағы он жылдықтарға (әдеттегідей) айқындап берді.

Азат ПЕРУАШЕВ, «Ақ жол» Демократиялық партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, doctor of business administration

Жолдауда әлеуметтік, экономикалық және негізгі құрал ретінде цифрландыру мен жасанды интеллектіге сүйенген мемлекеттік басқару сияқты үш базалық бағытты Президенттің «мұқият қайта қарау», «түбегейлі реформалау» сөздері арқылы әр салаға бөліп қарастыруға болады.

Мемлекет басшысы Жалпыхалықтық ауқымды құрылыстың басталатынын жариялап, Үкіметке, өзі атап өткендей бұрын-соңды болмаған инфрақұрылымдық жаңғырту Жоспарын әзірлеуді тапсырды.

«Жас ұрпақтарға жоспарлар мен тұжырымдар емес, экономикасы қуатты және қарқынды, жоғары технологиялары дамыған, білім мен ғылымға негізделген, заңды мойындайтын, жасампаз әрі озық, геосаяси тұрғыдан күші мен ықпалы бар Қазақстанды қалдыруымыз керек. Бұл — ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет», – деп атап өтті ол «Халықтық құрылыс» бағдарламасын таныстыра келе.

Бағдарламаға сәйкес, бүкіл ел бойынша әлеуметтік, көлік және инженерлік нысандар бой көтермек, оған Ұлттық қордан 6,5 трлн тг бөлу жоспарланып отыр.

Жолдаудың әлеуметтік бөлігіне келетін болсақ, Президент алғашқы кезеңнің өзінде-ақ аймақтарда 70 денсаулық сақтау, 50 білім, спорт, мәдениет нысандарын салып, іске қосуды тапсырды.

Сонымен қатар, тұрғын үй құрылысы, ТКШ саласына қомақты қаржы бөлу, газдандыру және елді-мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасын табады.

Қ.Тоқаев Жолдауының белсенді әлеуметтік басымдығы оның мемлекеттік саясаттың нәтижелілігін макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша емес, азаматтардың тұрмыс сапасы мен экономикалық қауқары арқылы бағалау керек деген сөзінен бірден аңғарылды.

Мемлекет басшысы қоғамда қызу талқыланып жатқан әлеуметтік көмек тәсілдерін қайта қарау мәселесін де айналып өтпей, дәйекті түрде барлығын өз атымен атады: әлеуметтік төлемдерді ұдайы арттыру бұған дейінгі жылдарда халыққа «қамқорсынудың» бір түрі болып келді.

Еске сала кетейік, барлық жылдарда Парламентте бюджетті талқылау барысында бизнес өкілдері мемлекеттік кірістегі теңгерімсіздікті, яғни, жаңа бюджет кірістерін қамтамасыз ететін шынайы секторға инвестиция салудың орнына, қайтарымсыз шығындарға қаржының көптеп жұмсалуын атап келген болатын. Соның салдарынан мемлекеттік қарыз есебінен жыртығы жамалатын тапшылық қалыптасатын. Бұл жағдайдың мәңгі жалғасуы мүмкін емес еді, себебі, тапқаныңнан жұмсағаның көп бола алмайды.

Бұрынғы тәсілдің тағы да бір кемшілігі оның кешенді сипатта емес, фрагментарлық түрде болғандығы; сол көмектің өзін кейде шынайы мұқтаждар емес, табанды түрде талап еткендер алып жататын. Аз қамтылғандардың мәселесін жан-жақты шешу саясатының орнына, мемлекет ақшамен «басып» тастап отырды. Бұл, әрине, мәселені одан сайын ушықтырды. Мұндай жүйе жемқорлыққа жол ашып, бюджет үшін де, азаматтар үшін де жағдайды өзгертудің орнына жыл сайын шығындарды ғана арттыратын.

Мәселені осыншалықты ашық әрі батыл көтеру үшін мемлекет тарапынан саяси ерікжігер ғана емес, азаматтардың қолдауына деген сенім мен олардың өміріндегі нақты жағдайларды терең түсіну де қажет. Президенттің әлеуметтік саясатты жою емес, қайта бағдарлау туралы айтып отырғаны да кездейсоқ емес. Яғни мемлекеттік қолдаудың нақты мұқтаж жандарға бағытталуын қамтамасыз ету көзделіп отыр. «Бұл сезімтал мәселеде шектен шығуға болмайды. Реформа жан-жақты ойластырылған, мұқият есептелген және адамдардың нақты жағдайын ескеретін болуы керек», – деп атап өтті ол.

Алайда, менің ойымша, Қасым-Жомарт Кемелұлының басты уәжі бұдан кейінгі сөздерінде айқын көрініс тапты: «Патернализмге бой алдырып, адамдарды әлеуметтік жәрдемақыларға тәуелді етудің орнына мемлекет әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуға және азаматтардың өмірлік мүмкіндіктерін кеңейтуге басымдық беруге тиіс». Бұрынғы жүйе адамдарды тәуелділікке, сенімсіздік пен түрлі айла-шарғыларға итермелесе, Президент Қ. Тоқаев әрбір азаматқа мұқтаждықтан арылып, қоғамнан өз орнын табуға ынта мен мүмкіндік беретін мемлекет құруда. Әділетті Қазақстан дегеніміз – осы.

Бұл үдерісте цифрландырудың да өзіндік орны бар. Оның міндеті мұқтаж жандарды анықтап, әлеуметтік көмек тағайындаумен ғана шектелмейді. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде миллиондаған отандасымыз маркетплейстерді, тамақ жеткізу және такси шақыру сервистерін, сондай-ақ басқа да көптеген қызмет түрлерін күнделікті пайдаланады. Алайда интернет – тек тұтыну мен көңіл көтеру кеңістігі ғана емес. Цифрлық орта шығармашылықпен айналысуға, табыс табуға мүмкіндік беретін алаңға, ал смартфон еңбек құралына айнала алады.

Креативті және цифрлық экономиканың үлесі артып келе жатқанын ескерсек, мұнымен келіспеу қиын. Оған қоса, ақпараттық технологиялар қолжетімділік ауқымын кеңейтіп, ынталы адамдарға жабдықтарды жөндеуден бастап қаржылық технологияларға дейінгі сан алуан базалық білімді меңгеруге мүмкіндік беріп, білім алуға немесе жаңа мамандықты игеруге жол ашады. Цифрландыру мен жасанды интеллект жақын болашақта тағы қандай мүмкіндіктерге жол ашатынын тек болжауға ғана болады. Адамдарға осы мүмкіндіктерді мұқтаждықтан шығудың жолы ретінде пайдалануға көмектесу керек.

Жолдаудың экономикалық бөлігінде қолда бар ресурстарды «сарқуға» бағытталған тактикадан жаңа даму бағыттарын қалыптастыруға көшу қажеттігі айқын көрсетілген. Жаңа энергетиканы, көлік-логистикалық инфрақұрылымды ауқымды түрде дамытуға, инвестиция тарту саясатын біріздендіруге, агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуға және басқа да бағыттарға басымдық берілуін осылай түсінуге болады.

Президент Қ.Тоқаевтың осы басымдықтар қатарында мұнай-газ секторын (бюджеттің дәстүрлі тірегі) атамай, оның орнына ұлттық экономиканы әртараптандыру және технологиялық тұрғыдан күрделендіру үшін барынша әлеуеті жоғары салаларға басымдық беруі де назар аудартады.

Мысалы, Президент мұндай бағыттарға логистикалық инфрақұрылымды жатқызып, теңіз жолдарының кемшілігі көрінген тұста оның болашағын әлемдік көлік дәліздерінің трансформациясымен байланыстарып отыр. «Қазақстан осы тарихи мүмкіндікті пайдаланып, іс жүзінде Еуразияның жетекші логистикалық орталығына айналып», «халықаралық жүк ағындарын толыққанды ұйымдастырушы мәртебесіне көшуі қажет», – деп талап қойды Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ол үшін «еліміздің аумағын өзара байланыстыратын және транзиттік әлеуетін күшейтетін заманауи теміржолдар мен автомобиль жолдарының желісін құру» қажет.

Бірақ бұл аз. Транзитті қазақстандық логистикалық операторларды дамыту арқылы жаңа кірістерді генерациялау, жүктерді шоғырландыру және тарату орталықтарын құру, көлік тораптарының айналасында отандық өндіріс пен сауда алаңдарын қалыптастыру үшін пайдалану қажет.

Президент бұл тұрғыда тағы да өзекті мәселелерді көтерді: «Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдардың жартысынан астамын шетелдік компаниялар жүзеге асырып отырғандықтан, автомобиль көлігімен жүк тасымалдаумен айналысатын отандық кәсіпкерлерді қолдауға басымдық берілуі керек», сондай-ақ «барлық автомобиль өткізу пункттерінің реконструкциясын аяқтау» қажет.

Бизнес Парламентте құрылыс мәселесін және Қытай мен Каспий бағытындағы темір жолдардың өткізу мүмкіндіктерін кеңейтуді талай рет көтерген, «Ақ жол» Демпартиясының депутаттары Қорғас, Бақты, Жібек жолы, Сырым кеден бекеттеріне бірнеше мәрте арнайы барып, бұл мәселелерді мемлекеттік органдарға дейін жеткізген болатын. Қазақстандық автотасымалдаушылардың транзиттік бағыттардан ығыстырылуы мүлдем қордаланған мәселе әрі ұлттық мүдделерді қорғауды талап етеді. Сондықтан нарықтың көптеген қатысушылары Президенттің бұл сөздерін алдағы оң өзгерістердің маңызды белгісі ретінде қабылдады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы шенеуніктердің электр энергиясы тапшылығын ұзақ жылдар бойы «бизнеске» айналдырғанына, Балқаштағы ЖЭО құрылысының тұралап қалғанына, Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұз қалаларындағы энергетикалық қуаттарды іске қосу жұмыстарының орындалмағанына қатысты ескерту айтып, энергетика саласындағы жағдайды аса қатаң сынға алды.

Ал өнеркәсіптің, құрылыстың, агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуы және деректерді өңдеу орталықтарын құру жоспарланып отырған жағдайда энергия тапшылығына жол беруге мүлде болмайды. Бұл ретте Президент «жаңа электр станцияларын салу және қолданыстағыларын жаңғырту, электр беру желілерін дамыту, «таза» көмір генерациясын толыққанды өрістетіп, жаңартылатын энергетикаға, ең алдымен, күн электр станцияларына назар аудару» міндетін қойды.

Одан кейін өңірлердің салалық мамандануы туралы айта келе, Мемлекет басшысы аса маңызды ескерту жасады — негізгі нысандардың айналасында білім беру, логистика, қызмет көрсету саласы, аралас өндірістер мен технологиялық кәсіпкерлікті қамтитын толыққанды экожүйе қалыптастыру қажет. Бұл талап энергетика саласына да тікелей қатысты.

Құрылтайдағы «Ақ жол» фракциясы энергетика саласына мемлекет тарапынан бағытталып жатқан орасан зор қаражатты ескере отырып, энергетикалық машина жасауды дамыту қажеттігі туралы тұрақты түрде депутаттық сауалдар жасап келеді. Ескі ЖЭО мен ГРЭС-терді реконструкциялау және жаңа нысандар салу үшін генераторлар, турбиналар, компрессорлар және басқа да жабдықтар қажет. Қазақстанда мұндай машиналарды өндіруге және жобалауға қажетті өндірістік қуаттар мен кадрлар бар. Алайда энергетикалық кәсіпорындар оларды шетелден сатып алуды табанды түрде жалғастырып келеді. Бұл отандық өндірушілерге тікелей зиян келтіреді.

Мысалы, Қарағандыдағы турбомеханикалық зауыты жуырда ірі тау металлургиялық компаниясы үшін еліміздегі алғашқы турбинаны әзірлеп шығарды. Алайда, сайып келгенде, тапсырушы шетелдік арзандау нұсқаны алғанды жөн көрген.

Әрине, бірлі-жарым өнімнің өзіндік құны жаппай өндірілетін тауармен бәсекеге түсе алмайтыны белгілі. Алайда мұндай шешімдер энергетиканың импортқа тәуелділігін күшейтіп, қазақстандық өндірістің жоғалуына әкеліп, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың миллиардтаған қаражаты ұлттық экономикада қайта айналымға түсіп, жұмыс істеудің орнына шетелге кетеді.

Меніңше, Қасым-Жомарт Кемелұлы «ірі инфрақұрылымдық бастамаларға қажетті құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, инженерлік жабдықтарды өз елімізде өндірген жөн. Мұндай жобалар «Халықтық құрылыс» бағдарламасының тірегіне айналуы керек деп санаймын. Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды. Бұл – маңызды талап», – дегенде дәл осындай теңгерімсіздіктерді меңзеген болуы керек.

Сонымен қатар экономикалық шындықты ескере отырып, Президент отандық өндіріске «озық технологиясы бар, қажетті сараптамалық тәжірибесі және жаһандық нарықтарға шығу мүмкіндігі зор» жетекші әлемдік компанияларды тарту қажеттігін айтты. Бұл бағытта бес жыл бұрын Үкіметтің тапсырмасымен ірі шикізаттық инвесторлар құрған Халықаралық мұнай-газ машина жасау орталығы (IMBC) көп-көрім тәжірибе көрсетті. Бүгінде осы орталық арқылы қазақстандық зауыттар аталған салада халықаралық жоғары талаптарға сай заманауи жабдықтарды игеріп, өндіруге мүмкіндік алды. 2024 жылы тау-кен металлургия машина жасау саласын дамытуға арналған осындай орталық құру туралы ТМК алпауыттары – «Қазцинк», ERG және «Қазақмыс» та мәлімдеген болатын. Алайда оның қызметі туралы ақпарат жоқ. Жуырда бірқатар ірі шикізаттық компаниялардың акционерлері ауысқаннан кейін жаңа ұлттық инвесторлар бұл бастамаға қажетті серпін береді деп үміттенеміз.

Мүмкін, машина жасау саласындағы әлемдік көшбасшылармен және олардың жабдықтарын тұтынатын ірі қазақстандық



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СТРАТЕГЕМАСЫ

кәсіпорындармен серіктестік негізінде осындай орталықтарды нақты құру, тіпті бірлескен кәсіпорындар ашу Мемлекет басшысы айтқан «елімізді индустриялық-технологиялық тұрғыдан жедел дамыту тетіктерінің» біріне айналуы да ықтимал. «Халықтық құрылыс» аясында экономикада болатын ауқымды өзгерістерді, пайдаланылатын жабдықтарды отандық өндіруді дамыту міндеттерін және IMBC тәжірибесін ескере отырып, машина жасау саласын дамытуға арналған осындай орталықтар тау-кен металлургиясы үшін ғана емес, энергетика, агроөнеркәсіптік кешен және құрылыс салалары үшін де пайдалы болар еді. Құрылтай депутаттары осы бағытта заңнамаға тиісті ұсыныстар әзірлейді деп үміттенеміз.

Әрине, Президент Жолдауының кәсіпкерлік мәселелеріне арналған бөлімі шағын және орта бизнес үшін аса өзекті болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Кемелұлының Үкіметке ұзақ мерзімді қаржыландыру мен технологиялық жаңғырту шараларын қамтитын орта бизнесті дамыту жөніндегі кешенді жоспар қабылдау туралы тапсырмасын салық реформасы аясында қарастыруға болады. Өздеріңізге белгілі, бұл реформа шағын бизнес пен ірі кәсіпорындардың айналымдарын әжептәуір ажыратып, бұл бизнес қауымдастығының негізгі сын нысандарының біріне айналды. Сонымен бірге мұндай жіктеу кәсіпорындарды шағын бизнестен ортаға, одан әрі ірі бизнеске «өсіру» мәселесін өзекті етті.

Бұрынғы жүйеде мұндай өсуді ынталандыратын тетіктер іс жүзінде болмағанын, соның салдарынан кәсіпкерлер арасында орта бизнестің үлесі мардымсыз болып, шағын кәсіпорындар негізінен сауда мен қызмет көрсету саласында шоғырланғанын мойындау керек. Алайда экономикалық ынталандыру тек төмендетілген салық мөлшерлемелерімен шектелмейді. Президент атап өткен бағыттардың маңызы да бұлардан кем емес: қолжетімді әрі ұзақ мерзімді қаржыландыру; негізгі капиталға (технологиялар мен жабдықтарға) инвестиция салуға арналған жеңілдіктер; корпоративтік нарыққа (ұлттық компаниялар мен ірі жер қойнауын пайдаланушылар) қол жеткізу және қолдау шаралары. Корпоративтік сатып алулар мәселесін Мемлекет басшысының жеке тапсырма ретінде белгілеуі де кездейсоқ емес: «Орта бизнес өкілдерінің ірі кәсіпорындармен тығыз ынтымақтастығына, соның ішінде олардың өнімдерін өткізуге жағдай жасау қажет. Сатып алынатын өнім көлемінің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындарға резервтеуге болады. Бұл ретте жеткізушілерге қойылатын талаптарды жеңілдету қажет».

Бұл жерде қандай талаптар туралы сөз болып отыр? Меніңше, ең алдымен импорттық жеткізілімдердің демпингінен қорғау мәселесі жөнінде айтылып отыр. Себебі, Ұлттық қордың қаражатын импортты қаржыландыруға пайдалануға тыйым салынғанын ескерсек, бұл мәселе айрықша маңызды («Халықтық құрылыс» бағдарламасы дәл осы Ұлттық қордан қаржыландырылады). Турбиналар мысалында айтылғандай, ірі сериялы өндіріс болмаса, өнімнің өзіндік құнын төмендетуді талап ету мүмкін емес. Ал сериялық өндіріс тұрақты әрі ұзақ мерзімді келісім-шарттарды қажет етеді. Өкінішке қарай, бүгінде офтейк-келісім-шарттардың өзіне де корпорациялар тарапынан «ревизиялау» жүргізіліп келеді. Ұзақ мерзімділік пен сатып алу көлемі және баға бойынша өзара міндеттемелердің орнына, кәсіпорындардың табыстылыққа (офтейк-келісім-шарттың мәні осында) шығуына мүмкіндік беретін шарттар тапсырыс берушінің мүддесіне қарай қайта қаралып, түсіндіріліп жатады. Бұған жеткізілген өнімнің ақысын ұзақ уақытқа кейінге қалдыру талаптары да қосылады.

Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлының жоғарыда аталған тапсырмалары бизнес пен депутаттарға ірі корпоративтік серіктестермен қарым-қатынаста ШОБ құқықтарын заңнамалық тұрғыдан бекітуге негіз береді. Бұл өндірісті кеңейтуге инвестиция салуға, шағын кәсіпорынның жеңілдетілген режимінен шығып, орта бизнеске өтуге жақсы ынталандыру бола алады.

Мемлекет басшысы бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекетке қарсы қылмыс ретінде қарастырылуға тиіс екенін де мәлімдеп, көңіл көншітпейтін статистиканы келтірді: жеке кәсіпкерлер тарапынан жасалған заң бұзушылықтар саны 34 пайызға



қысқарғанымен, айыппұл көлемі, керісінше, 11 пайызға өскен. Яғни әкімшілік қысым кәсіпкерлердің заңға бағыну деңгейінің артуымен еш үйлеспейді, тіпті керісінше күшейіп отыр.

Партиямыз былтырғы көктемнен бастап жаңа салық саясатын (кеңірек айтқанда, экономикалық саясатты) енгізу барысында есеп берудегі болмашы сәйкессіздіктер үшін жазалаудың орнына, бизнеске жаңа реттеу және әкімшілендіру жағдайларына бейімделуге мүмкіндік беру үшін салықтық рақымшылық жасауды және өтпелі кезең белгілеуді бірнеше рет ұсынған. Сондықтан Президент Қ. Тоқаевтың 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап ШОБ-ты тексеруге үш жылдық мораторий енгізу туралы тапсырмасы екі миллион кәсіпкердің көңіліне қуаныш ұялатып қана қоймай, ел басшылығының реформалардың ауыртпалығын көтеріп отырған азаматтардың оларды оң қабылдауына мүдделі екенін көрсететін саяси ерік-жігердің айқын көрінісі болды.

Бұл өзекті шешім Қасым-Жомарт Кемелұлының бүкіл ұлт үшін тағдырлы мәселелермен, соның ішінде сыртқы саясаттағы маңызды міндеттермен айналысып отырғанына қарамастан, ел ішіндегі ахуалды жіті бақылап, жүргізіліп жатқан реформаларға қоғамның кері байланысын үнемі ескеретінін айқын көрсетеді.

Осы тұжырымды растай түскендей, Мемлекет басшысы қоғамда үлкен резонанс тудырған салық мәселесіне тағы да тоқталып, Салық кодексі «қасиетті кітап» емес екенін, оның күшіне енуі кәсіпкерлер үшін бірқатар шығындар мен проблемаларға әкелгенін атап өтті. Осыған байланысты Үкіметке бизнес тарапынан келіп түскен сигналдарды талдап, кодексте нысаналы түзетулер әзірлеуді тапсырды.

Бір жыл бұрын құжатты талқылау кезінде біздің фракция салық реформасындағы бірқатар олқылықтарды көрсеткен болатын. Біз бюджетке түсетін салық түсімдерін арттыруды қолдағанымызбен, ШОБ-қа шамадан тыс шектеулер қоймай, сараланған салық мөлшерлемелері арқылы, қаржы, шикізат секторларына түсетін жүктемені күшейту есебінен неғұрлым теңгерімді тәсілдерді ұсындық.

Енді Жолдау аясында ШОБ пен Құрылтайға Үкіметпен бірлесіп, жаңа Салық кодексін түзету жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік туып отыр.

Мемлекет басшысының қазіргі экономиканың талаптарына жауап беретін, қоғам, мемлекет және бизнес мүдделерінің өзекті тепе-теңдігін қалыптастыратын жаңа Азаматтық кодексті қабылдау туралы тапсырмасы да аса өзекті.

Еске сала кетейін, феодалдық тәртіптің негізін бұзған Наполеонның Азаматтық кодексінен кейін XIX ғасырда Еуропада өнеркәсіптік капитализм қарқынды дами бастады. Бәлкім, цифрлық дәуірдің Азаматтық кодексіне де біздің заманымызда осындай тарихи рөл атқару бұйырар.

Қасым-Жомарт Кемелұлының экономикалық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыссыздандыру қажеттігі туралы сөздерін де ерекше атап өткім келеді. Бұл бағыт бизнес ахуалы үшін негізгі басымдықтардың бірі болып отыр.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы экономикалық және шаруашылық дауларды қылмыстық құқық аясында қарастыруға әрдайым қарсы болды. Біздің бастамамызбен 2017 жылы ҚР Қылмыстық кодексінен бұрын адал кәсіпкерлерге алаяқтардың заң бұзушылықтары үшін жауапкершілікті жүктеуге жиі себеп болған жалған кәсіпкерлік туралы бап алынып тасталды.

2025 жылы бес жылдық күрестен кейін Қылмыстық кодексте түзетуіміз енгізілді. Ол ресми кәсіпорындардағы лауазымдық міндеттерді бөлу фактісінің негізінде ғана бизнесті ұйымдасқан қылмыстық топ құрды деп айыптауға жол бермеуді көздейді. Өкінішке қарай, бұл норма әзірге тиісті деңгейде қолданылмай келеді. Сондықтан біз бұл мәселеге қайта оралуға мәжбүр болдық.

Президент Жолдауында экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыру қажеттігін тағы да көтергендіктен, Құрылтайдың қазіргі депутаттарына кәсіпкер өз тәуекелдері үшін бостандығымен емес, мүлкімен жауап беруі тиіс деген ұстанымды жүзеге асыру жолындағы жұмысты жалғастыруға мүмкіндік туып отыр.

Мемлекет басшысы экономиканы цифрландырудың кең ауқымды бағыттарын белгіледі. Оның мақсаты – бизнес-процестерді жеңілдетіп, барынша жеделдету, мемлекеттік реттеудің де, кәсіпорындардың табыстылығының да тиімділігін түбегейлі арттыру.

Мұны логистика мен көлікті цифрландырудан, су ресурстарын басқару мен геологиялық барлауда жасанды интеллектіні пайдаланудан немесе қаржылық технологияларды азаматтардың күнделікті өміріне енгізуден-ақ көруге болады.

Сондай-ақ, экономиканы цифрландыруды практикалық тұрғыдан қолдану бағдарламасын әзірлеу жоспарымен қатар, Президент Қ.Тоқаев: «Активтерді токенизациялау, яғни оларды цифрлық ортаға көшіру әлеуетін толық іске асыру қажет. Бұл азаматтарға компаниялар мен түрлі нысандардың ортақ иесі болуға, ал кәсіпкерлерге артық делдалдарсыз тікелей капитал тартуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Бұл бастаманың маңызы мен болашағы ерекше. Өйткені ол екі жақты міндетті шешуге бағытталған: кәсіпкерлерге инвестиция тартуды жеңілдету және халыққа аз ғана қаражатпен бизнестің бір бөлігіне айналуға мүмкіндік беру.

Цифрлық актив – токендер криптовалютаға ұқсамайды, себебі, олардың құндылығы нарықтың құбылмалылығымен емес, олардың эмитенттерінің активімен бағаланады. Мысалы, стейблкойндер (АҚШ долларына байланған USDT сияқты), немесе осы токендерді шығаратын қатысушылардың цифрланған шынайы активтері (акциялар, меншік үлестері, шынайы мүлік) токен болып саналады. Бұл тұрғыдан алғанда токендер айналымы қарапайымдылық, қолжетімділік, жылдамдық секілді өзінің цифрлық құралдарының артықшылықтарымен қор нарығын толықтырып, оның баламасы бола алады.

Президент Жолдауы бұл жұмысқа мемлекеттік деңгейде серпін беретініне сенімдімін.

Дегенмен, Қасым-Жомарт Кемелұлының экономикалық сала бойынша берген тапсырмаларының көбін аудиторияның консервативтік бөлігі түсіне алмай жатқан сияқты. Осыған байланысты ол: «Болашақтың экономикасын құру үшін таптаурын түсініктер мен ескірген тәсілдерден біржола арылуымыз қажет. Қоғам дамуының мүлде жаңа негізін қалыптастыруымыз керек», – деп атап өтті.

Мемлекеттік аппаратты қалыптасқан инерция мен тоқырауды еңсеруге жұмылдыру қажеттігін алдын ала пайымдағандай, Президент жаңа тарихи кезеңнің шешуші факторы ретінде мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі реформалауды белгіледі: «Цифрландыру мен жасанды интеллектіні қолдануға негізделген жаңа экономика үшін мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыруымыз керек».

Мемлекет басшысының бұл реформаны нақты қандай бағытта жүргізуді көздейтіні, құзыреттер мен бақылау арасындағы тепе-теңдіктің қалай қалыптасатыны әзірге басы ашық күйінде қалды. Сірә, Президент қоғам мен лауазымды тұлғаларды осы міндетті өз бетінше саралап, ой елегінен өткізуге жетелеп отырса керек. Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін осы реформаның Кешенді жоспарын әзірлеп, ұсынуға тиіс. Қазіргі таңда бір нәрсе анық: бастамашылдық, жауапкершілік, технологиялық және технократиялық қағидаттарға негізделген мемлекеттік басқарудың бүкіл вертикалін толық қайта жаңғырту көзделіп отыр.

«Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымы цифрландыру жағдайында жұмыс істеуге және жасанды интеллектімен өзара іс-қимыл жасауға бейімделуі керек», – деп Президент Қ.Тоқаев реформаның нақты мақсатын айқындады.

Мемлекеттік органдардың бастамашылдығы мен батыл шешім қабылдау қабілетін арттыру, өз өкілеттіктерін терең түсінуі, функциялардың қайталануы мен құрылымдық теңгерімсіздіктерді жою үшін жасанды интеллектіні пайдалану ынталандырылмақ. «Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Шешім қабылдауға, яғни дамуға кедергі келтіретін барлық рәсімді қысқарту керек», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау Президент Әкімшілігіне СЖЖРА-мен бірлесіп әзірлеу тапсырылған ұзақ мерзімді стратегиялық даму жоспарымен тығыз байланысты болады деп пайымдауға негіз бар. Ал Мемлекет басшысы Құрылтай депутаттарын «осы құжатты әзірлеуге елеулі үлес қосуға» тікелей шақырғандықтан, біздің партия да осындай маңызды бастамадан тыс қалмайды деп ойлаймын.

Жолдаудан аңғарылғандай, Қазақстанның болашақта озық дамуына серпін беруге бағытталған экономиканы, әлеуметтік саясатты және мемлекеттік басқаруды ауқымды трансформациялау көзделіп отыр. Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл міндетті тарихи ауқымдағы миссия деп атауы да кездейсоқ емес.

Президентпен ойы бір пікірлестері үшін бұл ауқымды бастамаға қатысу, оның барлық ауыртпалығы мен жауапкершілігін бөлісу – үлкен мәртебе.





ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА:

КУРС НА ЕДИНСТВО, НАУКУ И «ЦИФРУ»

На X съезде Международного общества «Қазақ тілі» 10 ноября 2026 г. президент Касым-Жомарт Токаев обозначил ключевые ориентиры развития казахского языка и представил оптимальную программу его модернизации. Взвешенный и многосторонний анализ президента поднимает языковую дискуссию на высокий уровень без лишней политизации.

Оцифровка, язык науки, словари

Позиция главы государства задает верный тон: государственный язык утверждается не просто как символ идентичности, а как стратегический инструмент технологического прогресса и гражданского согласия.

Представленная К.К. Токаевым оценка языковой ситуации в республике является комплексной и прагматичной. Ожидается, что обозначенная главой государства позиция окажет позитивное влияние на дальнейшее развитие государственного языка. Поднятие данных вопросов своевременно, так как ряд актуальных языковых проблем ранее не рассматривался на высшем уровне.

Вопрос развития государственного языка окончательно утвердился в качестве стратегического приоритета государственной политики, определяющего не только сохранение культурной идентичности, но и укрепление суверенитета, гражданского мира и технологического прогресса страны.



Президент подчеркнул, что значительная часть языкового и культурного наследия еще не оцифрована качественно. Он призвал создать национальную цифровую базу данных казахского языка, активизировав оцифровку книг, периодических изданий, аудио- и видеозаписей, а также архивных и музейных фондов.

Токаев отметил, что при подготовке учебников и учебных пособий было допущено много ошибок и упущений, поэтому необходимо повысить их качество за счет потенциала отечественной науки. В его речи прозвучала и задача создать условия для полноценного изучения на казахском языке сложных современных дисциплин – инженерии, медицины, права, экономики, естественных наук и информационных технологий (IT), чтобы он стал языком науки, технологий и производства.

Отдельное внимание президент уделил наведению порядка в языковой сфере и устранению разнобоя в терминах, который вводит людей в заблуждение и наносит ущерб чистоте языка, отметил проблему отсутствия последовательности и единых норм в использовании слов, понятий и толкований. Токаев напомнил, что единственный официально утвержденный Указом Президиума Верховного Совета орфографический словарь казахского языка был издан еще в советское время – в 1983 г., а все последующие издания не имели юридической силы и государственного статуса. В этой связи глава государства указал на необходимость пересмотреть и систематизировать орфографические нормы и правила на научной основе, а также обновить словари. Завершить эту работу поручено до конца 2027 г.

Один из главных признаков литературного языка – его нормированность (наличие норм) и кодифицированность (описание норм в справочниках, словарях). Это уже заметно при обычном наборе текста: на мониторе ненормированные слова на русском языке выделяются красной линией, а на казахском – нет. И у нас порой даже языковеды, переводчики испытывают затруднения при написании не только терминов, научных трудов, но и «обычных» слов, специализированного текста на казахском языке. Языком программирования может быть кодифицированный, нормированный, стандартизованный язык с развитой терминологией.

С приданием казахскому языку статуса государственного его роль в республике значительно возросла, а законодательство закрепило за ним право использоваться во всех сферах общения. Однако статусному положению, политическим и правовым мерам должно сопутствовать соответствующее лингвистическое наполнение. В связи с этим возникла необходимость корпусного планирования – стандартизации, упорядочивания и систематизации языка.

В итоге стратегия языкового развития обретает прагматичный и технологичный характер. Выступая против любого искусственного противопоставления языков, глава государства задал курс на созидание, научную строгость и цифровую интеграцию.

Языковая стратегия «мягкой силы»

На съезде Касым-Жомарт Токаев обозначил концепцию развития государственного языка как объединяющей «мягкой силы» (Soft Power) и ключевого фактора национального единства. В своем выступлении президент акцентировал внимание на том, что казахский язык становится инструментом «мягкой силы», а его продвижение должно опираться на формирование комфортной и привлекательной языковой среды без принуждения, создание для всех желающих овладеть языком «максимально благоприятных условий».

Для этого необходимо разрабатывать современные методики и цифровые инструменты, расширять казахоязычный контент, создавать IT-продукты, фильмы и игры. Таким образом, фокус смещается с локальной популяризации на построение комплексной инфраструктуры и цифрового ландшафта государственного языка.

При этом расширение сферы применения казахского языка не должно сопровождаться искусственным давлением или ограничением прав граждан, говорящих на других языках.

Глава государства заявил, что казахский язык является «незыблемой опорой единства нации», а также призвал развивать его как «язык единства и согласия», как инструмент межнационального общения. Токаев охарактеризовал казахский язык как объединяющий инструмент нации и привел в пример современников и исторических деятелей (от султана Бейбарса и мыслителя Абая до учёного Каныша Сатпаева, певца Димаша Кудайбергена, шахматистки Бибисары Асаубаевой, актрисы Самал Еслямовой, борца сумо Ерсина Балтагула и сооснователя глобального ИИ-стартапа Higgsfield AI Ерзата Дулатова), которые продвигают казахскую культуру на мировой арене.

И вместо административных барьеров ставка делается на качественный контент, современные методики обучения и востребованность языка в повседневной жизни. Естественное погружение в языковую среду поддерживается через культуру и медиа – за последние 3 года на казахский язык дублированы 13 крупных кинорелизов студий Disney, Pixar и Sony, а доля книг, фильмов и IT-продуктов на государственном языке планомерно растет (например, 70% изданных в стране книг и 63 из 71 снятого фильма – на казахском).

Государственный язык активно внедряется в передовые технологии, цифровой сфере. Например, в рамках совместного проекта общества «Қазақ тілі» с OpenAI сформирован текстовый корпус объемом 14 млрд токенов, собрано 12 тысяч часов аудиозаписей, благодаря чему точность распознавания речи достигла 98%, а ведущие мировые ИТ-компании (включая Google и Yandex) расширяют поддержку казахского языка в своих сервисах и нейросетях.

Токаев особо отметил вклад казахстанцев разных этносов, свободно владеющих государственным языком и популяризирующих его личным примером.

В целом выступление главы государства выделилось рядом принципиальных акцентов, переходящих от лозунгов к прагматичному, качественному развитию языка.

В языке – неоправданные искусственные кальки

Токаев отметил, что казахский язык сегодня обретает популярность (прежде всего среди молодежи) без административного или политического принуждения, и напомнил слова писателя Абиша Кекилбаева: «Тіл мерейі – ел мерейі» («Уважение к языку – уважение к стране»).

Как отметил президент, базовый этап развития инфраструктуры государственного языка успешно завершен: 71% первоклассников обучается в казахских классах, на государственном языке выпускается около 70% книжной продукции и большинство кинофильмов. На текущем этапе ключевая задача заключается в переходе от количественных показателей к качественным – казахский должен стать полноценным языком науки, технологий, образования и бизнеса.

Особое внимание глава государства уделил вопросам терминологии. По его словам, наряду с удачными неологизмами («тұжырымдама», «қағидат», «еңбек өтілі», «жасанды сана», «ғаламтор») в языке появляются неоправданные искусственные кальки. «У каждого хорошего явления должен быть разумный предел. Сомнительна необходимость таких искусственных слов, как «күйсандық» (пианино), «қылтима» (балкон), «субұрқақ» (фонтан), «себезгі» (душ), «қырыққабат» (капуста), «үнқағаз» (газета), «жеделсаты» (лифт) или «желкөз» (форточка). Кроме того, в последнее время вошло в моду заменять наши традиционные религиозные понятия чуждыми арабскими заимствованиями. В этом тоже нет никакой необходимости», – заявил президент.



Это очень востребованное начинание – обсуждение неологизмов в казахском языке на самом высоком уровне, потому что одна из самых больших проблем. Например, не менее актуальной остается проблема неадаптированных русизмов в разговорной речи, вытесняющих или заменяющих казахскую лексику. Данный аспект требует глубокого изучения со стороны лингвистического сообщества.

В советский период казахский язык подвергся сильной русификации в области заимствований. Если до языковой реформы 1940 г. иностранные названия адаптировались под казахскую фонетику (например, Варшава произносилась как Баршау, Норвегия – как Норбек, а Швеция – как Шібет), то после перехода на кириллицу было предписано писать и произносить международные топонимы строго в русской транскрипции.

В итоге большинство названий стран, пришедших через русский язык (особенно европейских), сохраняют свое написание: Норвегия, Швеция, Франция, Италия, Испания, Канада, Голландия и т.д. Исключение составляют некоторые названия, которые адаптированы под фонетику казахского языка, например, Ресей, Жапония, Түркия, Қытай, Америка Құрама Штаттары и др.

Ранние устные заимствования из русского языка полностью подчинились казахской фонетике и вошли в норму в измененном виде: нөмір (номер), сома (сумма), бөтелке (бутылка), кереует (кровать) и др. Более поздние заимствования сохранили русскую графику. Неологизмы последних десятилетий (сынып, ұшақ, тікұшақ, орамжапырақ и др.) успешно закрепились в литературном языке и школьной программе. В то время как другие сохраняют исходную форму – цифра, фигура, циркуль и т.д.

Хотя это одна из самых обсуждаемых тем в казахстанском языкознании, тем не менее она не решается на должном уровне. Да, вводятся новые казахские слова и термины, но основная масса заимствований остается без изменений: не только термины, но и «обычные» слова из русского языка – такие как «ванна», «люстра», «чемодан», «подъезд», «велосипед» и другие – пишутся в русской орфографии.

В научном и общественном поле нет единого мнения по поводу радикальной переделки всех интернациональных слов и повседневных русизмов под казахскую фонетику (например, замены написания велосипед на белесебет или чемпион на шемпион). Часть лингвистов поддерживает этот подход для сохранения фонетической самобытности языка, тогда как другие эксперты предупреждают, что резкое изменение написания десятков тысяч привычных слов затруднит чтение и понимание текстов для носителей языка.

Дастан ЕЛДЕС



ПОЧЕМУ РОССИЙСКИЙ певец КИРКОРОВ в Дубае НЕ ГОВОРИТ И НЕ ПОЁТ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ?!

После потрясающего концерта в Германии, где наш знаменитый певец Димаш, покоряющий мир своими песнями, выступил только на государственном казахском и международном английском языках, мы зауважали его еще больше! Браво, наш несравненный Димаш – настоящий виртуоз и ниспосланный Богом феномен в мире музыки!



Русскоязычный политический блогер Роман Зубенко крайне болезненно отреагировал на этот естественный, законный и обязательный поступок Димаша. Несмотря на длительное проживание (более 20 лет) в Бельгии, в самом сердце Европы, он так и не смог скрыть своё имперское мышление. Словно забыв, где находится и певец какой страны выступает на сцене, блогер возмущенно заявил: «Здесь же значительная русская диаспора! Почему он не поприветствовал публику по-русски и не спел песни на русском языке?»

Любой здравомыслящий человек в этой ситуации закономерно спросит:

1. Артист, дающий концерт, – казахский певец!!

2. Страна, где проходит концерт, – Германия!

3. При чём здесь вообще русский язык?!

В связи с этим вспоминается вопрос, который я в 2023 году задал – об этом тогда писала вся пресса, а само событие вызвало широкий общественный резонанс – не где-нибудь за границей, а прямо в Парламенте Казахстана министру энергетики А. Саткалиеву:

«Почему договор, который заключают Казахстан и Франция, составлен на языках трех стран: казахском, французском и русском? В чём необходимость присутствия в данном документе языка третьего государства – России?!

Франции русский язык абсолютно не нужен! Значит, договор на русском языке был составлен для нашего правительства, которое не знает государственного языка Казахстана?! До каких пор вы будете понимать договоры только на русском языке?

Прошло 32 года с момента обретения нами независимости – сколько еще будет сохраняться официальное присутствие русского языка? Не пора ли уже это прекратить?» – именно так мы тогда поставили вопрос ребром.

Справедливости ради стоит отметить, что министр, начавший говорить на казахском, а затем перешедший на русский, дал обнадёживающее обещание: «Вы задаете очень правильный вопрос, в будущем мы эту норму упраздним».

Но что происходит на самом деле сейчас – одному Богу известно!

Все мы являемся свидетелями: когда Димаш дает концерты – будь то в Германии или в любой другой зарубежной стране, – он ездит по миру вовсе не для того, чтобы петь или говорить по-русски. Напротив, он путешествует, чтобы вдохновлять иностранцев петь и говорить на казахском языке!



У нас также есть пара вопросов к этому российскому блогеру:

1. Разве мировые звёзды – будь то Дженнифер Лопес или кто-то другой – поют на русском языке за границей или даже на концертах в самой России?! Нет! Почему же вы не требуете этого от них?

2. В настоящее время Дубай стал одним из самых популярных центров притяжения для казахов за рубежом. Именно в этом скандально известном мегаполисе обосновалось большинство бывших высокопоставленных чиновников. Пресса то и дело трубит об их роскошной жизни: у каждого по несколько вилл, а у некоторых, если верить публикациям, счет идет на десятки, а то и на полсотни объектов. Хватает там и казахских бизнесменов, которые преспокойно управляют своими делами на расстоянии.

Но почему российские исполнители во главе с королем русской поп-музыки Филиппом Киркоровым, которые вовсю зажигают в Дубае, не говорят и не поют на казахском? Нас это очень задевает! Более того, почему те же российские певцы во главе с Киркоровым, которые косяком едут в сам Казахстан, не говорят и не поют здесь на казахском языке?!

Именно так звучит главный вопрос, который следует задать!

И этот вопрос имеет прямое отношение и к нашему правительству!

Қазыбек ИСА

ФЕНОМЕН ДИМАША: МЯГКАЯ СИЛА КАЗАХСТАНА

Продвигая казахскую музыку, укрепляя международные связи, стимулируя туризм и используя цифровое влияние, Димаш Кудайберген занял ключевую роль в стратегии мягкой силы Казахстана. Об этом сообщил Евразийский фан-клуб Димаша Кудайбергена.



Димаш Кудайберген – посол казахской культуры

Димаш Кудайберген, всемирно известный казахский певец, покорил публику своим невероятным вокальным диапазоном и уникальным музыкальным стилем. Однако его влияние выходит за рамки искусства: он стал культурным послом, продвигающим национальную культуру, язык и ценности по всему миру. Таким образом, он играет важную роль в формировании глобального имиджа Казахстана, являясь, по сути, проводником его мягкой силы.

Мягкая сила и культурная дипломатия

Концепцию «мягкой силы» ввел американский ученый Джозеф Най, подразумевая способность страны влиять на других через культурную и идеологическую привлекательность, а не военную или экономическую мощь.

Выход Димаша на мировую сцену начался с его выступления в 2017 г. на китайском шоу «Singer», где он поразил зрителей своим шестиоктавным диапазоном и исполнением песен на разных языках. Заняв второе место, он ярко представил культурное наследие Казахстана, исполняя песни на казахском и играя на домбре.

Эта форма культурной дипломатии позволяет Казахстану укреплять международные связи и позиционировать себя как современную страну с богатым художественным наследием. Правительство Казахстана поддерживает Димаша как культурного посла, признавая его важным инструментом продвижения национальной идентичности. Его выступления часто используются на дипломатических мероприятиях, направленных на культурный обмен и международное сотрудничество.

Как говорит сам Димаш: «Пение – мой способ общения с людьми. Это мой язык».

Через свое искусство он вносит вклад в мягкую силу Казахстана, демонстрируя культурное богатство и творческий потенциал страны. Его способность находить отклик у глобальной аудитории преодолевает языковые барьеры и способствует межкультурному взаимопониманию.

Популяризация казахской культуры

На своих концертах Димаш часто представляет казахские национальные костюмы, природные пейзажи и орнаменты. Через такие песни, как «Даидидау» и «Самалтау», он подчеркивает поэтическую красоту казахского фольклора. В интервью и публичных выступлениях он рассказывает о традициях, ценностях и истории Казахстана. Умело сочетая традиции с современными стилями, Димаш не только сохраняет казахскую культуру, но и переосмысляет ее в глобальном контексте.

Его фанбаза по всему миру проявляет растущий интерес к казахской музыке, традициям и истории.



Например, в Чили его популярность привела к созданию «Общества чилийско-казахской дружбы», которое занимается продвижением казахской культуры и литературы. Латиноамериканские фанаты активно организуют культурные мероприятия, представляя Казахстан как страну с богатыми художественными традициями.

Таким образом, через культурную дипломатию Димаш стал ключевой фигурой в представлении казахской идентичности миру. Его концерты — это не просто шоу, а культурные события, где зрители из разных стран знакомятся с казахским языком и обычаями, а иногда даже изучают их.

Укрепление международных связей и развитие туризма

Участие Димаша в китайских музыкальных конкурсах и телешоу отражает укрепление казахстанско-китайских отношений. Китайские государственные СМИ называют его «символом культурного обмена». Некоторые аналитики видят в его популярности элемент политической стратегии. Как отмечает эксперт по мягкой силе Китая в Центральной Азии Гаухар Нурша в интервью Eurasianet (2018), продвижение Димаша казахстанскими и китайскими медиа соответствует стремлению Китая представить себя не как агрессивную державу, а как «старшего брата» для стран региона.

Влияние Димаша выходит за рамки культуры, положительно сказываясь на экономике Казахстана, особенно в сфере туризма. Его мировая известность привлекает в страну иностранных поклонников, которые посещают его родной Актобе и другие культурные достопримечательности. В сотрудничестве с китайскими партнерами казахстанские туристические компании разработали специальный «тур по местам Димаша», включающий его школу и учителей музыки.

В 2023 году Димаш стал рассказчиком в казахскоязычном фильме «Удивительный Шэнь-нун», основанном на китайской мифологии. Его успех также способствовал росту музыкальной и медиаиндустрии Казахстана, увеличив доходы от концертов, мерча и стриминга.

Цифровое влияние и глобальное фан-сообщество

В цифровую эпоху влияние Димаша усиливается через соцсети, стриминговые платформы и онлайн-сообщества. Его активность на YouTube и Instagram повышает глобальную узнаваемость Казахстана. Видео с его выступлениями набирают миллионы просмотров, а фан-клубы объединяют людей по всему миру.

Его поклонники, Dears, превратились в глобальное движение, продвигающее не только его музыку, но и идеи любви, мира и культурного обмена. Например, в 2022 г. фанаты в Аргентине организовали акцию по посадке 1000 деревьев в честь казахстанского экологического наследия. В Чили «Общество дружбы» проводит мероприятия с его музыкой, знакомя местных жителей с Казахстаном.

Многие иностранные поклонники под влиянием Димаша начинают учить казахский язык и интересоваться традициями страны. Это пример «неформальной цифровой дипломатии», усиливающей мягкую силу Казахстана.

Заключение

Феномен Димаша – яркий пример того, как музыка может формировать глобальное восприятие и укреплять культурную дипломатию. Его талант не только вывел Казахстан на мировую сцену, но и способствовал росту интереса к его культуре. Продвигая казахскую музыку, укрепляя международные связи, развивая туризм и используя цифровые технологии, Димаш Кудайберген стал ключевой фигурой в стратегии мягкой силы Казахстана. Как культурный посол, он внес значительный вклад в глобальный имидж страны, доказав, что мягкая сила может быть столь же эффективной, как традиционная дипломатия.

Евразийский фан-клуб Димаша Кудайбергена (ЕФК)

№46 (1226) 16.11.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ПУТЬ ПРОСВЕТИТЕЛЯ





В нынешнем году мы отмечаем 185-летие со дня рождения классика отечественной литературы и педагогики Ыбырая Алтынсарина.

Призвание, найденное в юности

Какое место в истории казахской культуры и общественной мысли имя Ыбырая Алтынсарина, рассказывается в статье «Казахстанской правды». Выдающийся педагог и писатель-реалист, мастер дидактического рассказа, этнограф, один из основоположников светского образования в казахской степи, он посвятил всю свою жизнь делу, в котором видел важнейшее условие для духовного и социального развития родного народа, – распространению научных знаний и просвещению.

Ыбырай (Ибрагим) Алтынсарин родился и вырос на живописных берегах Тобола – в Аракарагайской волости Николаевского уезда. Судьба будущего просветителя во многом определилась уже в юности. Рано лишившись отца, он до восьми лет находился на попечении деда – бия Балгожи Жанбуршина, прославившегося в степи как человек «чрезвычайно умный, проницательный, глубокомысленный и превосходно знающий обычаи». В 1850 году при Оренбургской пограничной комиссии была открыта специальная школа для казахских детей, и Балгожа, мечтая о славной служебной карьере для внука, тотчас определил его туда на обучение.

«Открывая школу, – отмечал историк Бекежан Сулейменов, – царское правительство ставило перед ней задачу подготовки кадров местной администрации. Ученики должны были воспитываться в духе реакционной политики царизма... Однако, судя по материалам, дошедшим до нас, в своем развитии Алтынсарин пошел дальше программы школы, самостоятельно изучая произведения великих классиков мировой литературы – Шекспира, Гёте, Пушкина, Гоголя, Лермонтова, Фирдоуси, Низами, Навои и других... Самостоятельное чтение книг расширяло круг знаний Алтынсарина, воспитывало в нем интерес и любовь к передовой науке и культуре».

После окончания школы Алтынсарин в 1857–1859 годах служил писарем у своего деда, бывшего в ту пору старшиной узынкыпшаков, а затем работал младшим толмачом в Оренбургском областном правлении. Однако административная служба, вопреки ожиданиям бия Балгожи, не стала главным призванием юноши. Уже тогда он всячески стремился найти возможность заниматься тем, что считал по-настоящему важным, – просвещением родного народа.

В 1860 году чиновники областного правления поручили Ыбыраю открыть в Оренбургском укреплении, впоследствии Тургае, школу для казахских детей и назначили его учителем русского языка этой же школы. Так началась многолетняя и самоотверженная работа выдающегося просветителя по созданию системы народного образования в казахской степи.

Однако, поручив Алтынсарину открытие школы, областное правление фактически устранилось от дальнейшего участия в этом деле и не обеспечило своего назначенца ни материальной, ни организационной поддержкой.

Алтынсарин прекрасно понимал, что для устойчивого развития образования необходимы не только школьные помещения сами по себе, – а в городке не оказалось даже их, – но и соответствующая инфраструктура, подготовленные учителя, методические пособия и, главное, заинтересованность общества в получении знаний. Поэтому большую часть хозяйственно-финансовых проблем он улаживал при непосредственном участии народа, доверием которого заручился в ходе поездок по аулам области. Просветителю удалось собрать достаточно средств, чтобы наконец возвести здание школы – и 8 января 1864 года весь Тургай отметил ее открытие пышным тоем.

В своей учительской практике выдающийся просветитель стремился приспособить лучшие достижения современной ему европейской и российской педагогической мысли к особенностям традиционного уклада казахского общества. Рассматривая школу как явление социального порядка, Алтынсарин считал, что учитель в первую очередь обязан привить ученикам «здравый взгляд на вещи», воспитать их людьми трудолюбивыми, честными, любознательными, способными самостоятельно мыслить и приносить пользу Родине.

На пути к национальной школе

Административная реформа, проведенная царским правительством в конце 60-х годов XIX века, открыла новый этап в биографии педагога-новатора. Осознавая ее колониальную сущность, Алтынсарин тем не менее желал использовать сложившиеся обстоятельства для преодоления родовой вражды, которую называл «многолетним злом». По поручению Оренбургского генерал-губернатора он 4 раза занимал должность уездного судьи, а также исполнял обязанности старшего помощника начальника Тургайского уезда.



В 1879 году Ыбырай Алтынсарин вступил в должность инспектора школ Тургайской области. Получив возможность непосредственно влиять на организацию образовательного дела, он развернул масштабную работу по созданию сети светских учебных заведений. При активной поддержке местного населения в Илецком, Николаевском, Тургайском, Иргизском уездах последовательно открывались двуклассные русско-казахские училища. Имеющиеся документы свидетельствуют о том, насколько тщательно Алтынсарин подходил к их обеспечению книгами, учебными материалами и подготовленными педагогическими кадрами. «Школьные здания у нас довольно богатые; они каменные и стоят 15–30 тысяч каждое; в каждом училище обучаются по 50 учеников киргизских и 20–30 русских, из детей местных русских поселян... Теперь устраиваем библиотеки ученические и учительские, ремесленные отделения, а в скором будущем между прочим примемся и за садоводство и огородничество», – писал просветитель в 1881 году.

В своей деятельности на посту инспектора Алтынсарин уделял большое внимание подготовке национальных педагогических кадров. Важным результатом проводимой им работы стало открытие в 1883 году учительской школы, предназначенной для обучения преподавателей из числа казахской молодежи. Судя по письмам Алтынсарина, юношей, что решили связать свою жизнь с профессией педагога, в области нашлось немало. Так, просветителю Василию Катаринскому он сообщал: «На днях я отправил из Тургайского училища шесть, а из Иргизского – 5 учеников в Орскую учительскую школу. Из Тургайского и Троицкого училищ просящихся в учительскую школу и теперь очень много...»

Не менее значительны исторические заслуги Ыбырая Алтынсарина как основоположника системы женского образования. В условиях патриархального общества сама постановка вопроса о необходимости систематического обучения девочек требовала большой смелости и настойчивости. Но несмотря на все чинимые ему препятствия, Алтынсарин сумел добиться того, чтобы в 1888 году специальная школа-пансион в Иргизе распахнула свои двери для казахских девочек. Уже после смерти выдающегося просветителя подобные интернаты открылись в Тургае (1891), Кустанае (1893), Карабутаке (1895) и Актюбинске (1896).



4 двухклассных центральных русско-казахских училища, 1 ремесленное и 1 женское училище, 5 волостных училищ и 2 училища для детей русских поселян – так выглядела система образовательных учреждений, созданная Алтынсариным при жизни. Заботясь о будущем педагогического дела, он неустанно думал и о тех, кому предстоит продолжить его начинания. В этом отношении значительный интерес представляет завещание просветителя, согласно которому принадлежавшие ему земельные наделы переходили под строительство сельскохозяйственного училища в Кустанае.

Сила знаний

Особое место в богатом творческом наследии Алтынсарина занимают его художественные произведения, составившие книгу «Киргизская хрестоматия» (1879) – подлинный памятник казахской письменной литературы и педагогической мысли. Образцом для ее создания послужило знаменитое учебное пособие Константина Ушинского «Детский мир», под обложкой которого были собраны распределенные по тематическим разделам научно-познавательные тексты. Помимо стихотворений и рассказов на свои собственные сюжеты Алтынсарин включил в «Киргизскую хрестоматию» переведенные им дидактические произведения выдающихся русских писателей и просветителей. Открывалась книга стихотворным «Посвящением», которое и сегодня знакомо каждому казахстанскому ребенку по строчке «Кел, балалар, оқылық» – «Давайте, дети, учиться». Его справедливо будет назвать манифестом гуманистических идей просветительства, гимном науке и знанию.

В произведениях Алтынсарина нашли отражение те нравственные идеалы, которые он стремился привить подрастающему поколению. Любовь к родной земле, уважение к труду, честность, доброта, стремление к знаниям, человеческое достоинство – эти темы проходят через все его творчество. Характеризуя художественное наследие выдающегося просветителя, Мухтар Магауин писал: «Он стремился к тому, чтобы обучение в организованных им школах велось... в светском направлении, чтобы его воспитанники росли людьми, готовыми служить интересам общенародным, а не царской администрации и местных феодалов. Он призывает своих казахских учеников в совершенстве овладевать русским языком, осваивать достижения передовой научной мысли. Те же идеи проповедует Алтынсарин в своем поэтическом творчестве. Он критикует старые обычаи и религиозный фанатизм, указывает пути преодоления вековой замкнутости. Алтынсарин стал также одним из основоположников казахской прозы. Его рассказы высокохудожественны, реалистически точны и правдивы».

Ыбырай Алтынсарин – человек необычайно широкого круга интересов. Его занимали вопросы науки и ремесла, труда и искусства, религии и этнографии. Он изучал фольклор, записывал образцы народного творчества и готовил аналитические материалы о состоянии народного образования, в которых размышлял об общественных проблемах. Его деятельность оказала существенное влияние на становление национальной школы и на формирование письменной казахской литературы, чьи художественные традиции достигли своего расцвета в творчестве великого поэта и мыслителя Абая Кунанбаева.

Главный принцип, которому следовал Ыбырай Алтынсарин, не утратил своей актуальности: народ, стремящийся к развитию, должен постоянно расширять горизонты познания.

185-летие выдающегося просветителя – это дань памяти человеку, сумевшему в непростых исторических условиях создать благоприятную среду для воспитания подрастающего поколения. Он видел в образовании прямой путь к прогрессу, а в каждом ребенке – потенциального творца будущего. Именно поэтому произведения Алтынсарина, сохраняющие свою педагогическую новизну, заслуживают сегодня нового вдумчивого прочтения.

Илья ПАЩЕНКО (в сокращении)



РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ВЗГЛЯД НА ИСТОРИЮ НОМАДОВ

История книги «Кочевники. Эстетика», первой из планируемой серии «Познание мира традиционным казахским искусством», драматическая и почти детективная. 50 лет назад, в 1976 г., уже вышедшую в свет в Алма-Ате в издательстве «Наука» книгу уничтожили, рукописи изъяли.

Путь книги «Кочевники. Эстетика» к читателям

О печальной судьбе этой коллективной монографии опубликована статья в журнале «Мысль». Если все-таки некоторые экземпляры книги «Аз и Я» Сулейменова дошли до читателей, вызвав небывалый интерес в стране и за рубежом, то коллективный труд молодых ученых был пущен под нож еще в типографии. После обретения Казахстаном независимости в 1993 г. работа была опубликована под редакцией Мурата Ауэзова и Мухамеджана Каратаева, правда, в усеченном виде, так как авторам пришлось ее восстанавливать по памяти или из сохранившихся черновиков. Лишь через более 30 лет был найден оригинал книги, который чудом не был уничтожен, и в 2026 г. он увидел свет. Это стало большим событием в культурной жизни страны. Ответственными редакторами издания являются: Зифа-Алуа Ауэзова, Альмира Наурызбаева, Диар Кунаев и Калдыгуль Жаныбаева.

В начале 1970-х гг. группа молодых ученых, работая в секторе эстетики Института философии и права АН КазССР, начала работать над коллективным трудом о традиционной культуре казахов. Исследователи хотели показать место кочевой цивилизации в истории человечества. Кочевой образ жизни ученые рассматривали как особую модель жизни.

Новый взгляд на культуру кочевников



В аннотации к изданию 1976 г. написано: «Главная мысль, которая проходит через всю эту книгу – неразрывность и цельность мирового культурного процесса. Если раньше культура кочевников изображалась отсталой и низкой, а сам кочевой мир воспринимался как агрессивная сила, разрушившая достижения мировой цивилизации, под которой подразумевалась только цивилизация оседлых народов, то в сборнике убедительно показано, что такое представление о прошлом не соответствует исторической действительности». Автором этих слов являлся Мурат Ауэзов.

Авторы коллективной монографии предлагали новый взгляд на мировую историю и вклад в нее кочевых народов – вот этого и напугались власти. В результате книга, не дойдя до читателя, была уничтожена, так как не соответствовала государственной идеологии. Власти были напуганы патриотизмом и профессионализмом молодых казахских ученых.

Мурат Ауэзов рассказывал дочери Зифе-Алуа: «По сути, этот наш проект был примером деконструкции колониального дискурса, утвердившегося к тому времени. Каждая глава нашей монографии пересматривала и опровергала укоренившиеся стереотипы о неполноценности, о некой недоразвитости образа жизни и культуры наших предков».

Конечно, это был революционный взгляд на мировую историю. Он наносил серьезный удар не только по советской, но и большей части европейской историографии. Хотя в европейской философии уже начала складываться концепция нового видения мира – номадизм. Об этом еще писали Ж. Делёз и Ф. Гваттари. Отрадно, что одними из первых об этом заговорили молодые казахские интеллектуалы.

«Как хорошо было бы все-таки издать нашу книгу в том ее первоначальном виде, довести ее до верного адресата, пусть даже десятилетия спустя. Ведь то, о чем мы писали тогда, все еще востребовано», – говорил Мурат Мухтарович дочери Зифе-Алуа. Она со своими друзьями-сподвижниками выполнила завещание отца.

Следует отметить, что инициатором создания этого коллективного труда был Мурат Мухтарович. Он вспоминал: «Когда встал вопрос о том, чем я мог заниматься, пришла идея остановиться на теме по эстетике, поскольку она входила в формат философии. Я предложил обратиться к традиционному искусству казахов, к его мировоззренческой основе, к культуре, к эстетике кочевников. Тогда это звучало в диковинку, но возражений не было... Самое интересное произошло потом: я спросил, можно ли создать исследовательскую группу для этой темы, и руководство пошло навстречу».

Почему советская власть, партийная бюрократия и цензура посчитали эту книгу опасной:

1. Реабилитация кочевой цивилизации и идентичности. Согласно официальной марксистско-ленинской идеологии, кочевой образ жизни считался отсталой, примитивной и промежуточной степенью развития общества, а прогресс ассоциировался исключительно с оседлостью, коллективизацией и советской модернизацией. Советская идеология внушила это представителям народов, которые еще в недавнем прошлом кочевали. А авторы книги впервые попытались доказать, что кочевники Великой степи создали высокодуховную культуру со своей уникальной философией и эстетическим кодом, не уступающим оседлым цивилизациям.

2. Разрыв с навязанными историческими догмами. Книга возвращала казахскому народу его историческую память, непрерывность культурного наследия и субъективность в мировой истории. Партийное руководство опасалось, что рост национального самосознания среди казахской интеллигенции и молодежи может пошатнуть советские идеологические устои в КазССР.

3. Полноценный труд так и не дошел до читателей того времени, что отсрочило развитие независимой казахской культурологии почти на 20 лет.



«Кочевники. Эстетика» и эпопея Мухтара Ауэзова

Для меня эта монография тесно связана с романом-эпопеей Мухтара Ауэзова «Путь Абая». Если классик казахской литературы воспел в своей бессмертной эпопее Великую степь, то авторы научно доказали закономерность и прогрессивность кочевого образа жизни в истории мировой цивилизации.

В романе-эпопее Мухтара Ауэзова «Путь Абая» степь и кочевой образ жизни представлены не просто как фон или место действия, а как полноценная цивилизация, живой организм и основа национального менталитета. Писатель выступил как летописец Великой степи XIX в., запечатлев переломную эпоху, когда вековой кочевой уклад начал рушиться под давлением новых социально-исторических реалий.

Для героев Ауэзова природа неотделима от человеческого существования. Степь формирует характер кочевника: его вольнолюбие, созерцательность, широту души и образное мышление. Писатель часто использует органичные для степного менталитета сравнения людей с птицами (соколами, беркутами) или природными явлениями. Степной пейзаж меняется вместе с внутренним состоянием героев.

«Путь Абая» – это своего рода «прощальная песнь» классическому миру кочевников. Ауэзов показывает, как во второй половине XIX в. под влиянием реформ царской администрации ломаются вековые устои степи.

Не случайно, Мурат Мухтарулы, как подлинный сын своего отца, воспитанный произведениями классика, являлся идейным вдохновителем, организатором и одним из ключевых авторов коллективной монографии. Эта легендарная книга, созданная в основном участниками неформального движения «Жас Тулпар», заложила философский фундамент казахского кочевниковедения и стала актом культурного сопротивления советской идеологии. Книга была направлена на реконструкцию и осмысление духовного универсума кочевой цивилизации как самоценной высокой культуры.



Взаимосвязь между кочевыми и оседлыми мирами

В рамках этого труда Мурат Ауэзов написал знаковую статью «Энкидиада: к проблеме единства миров кочевья и оседлости», где исследовал глубокие взаимосвязи между кочевым и оседлым мирами. Можно только поражаться смелости выводов Мурата Мухтаровича и его молодых коллег, которые еще 50 лет назад подготовили почву для деколонизации сознания и переосмысления национальной истории.

Суть статьи Мурата Ауэзова заключается в глубоком философском и культурологическом переосмыслении взаимоотношений между двумя великими цивилизационными типами – кочевым (номадическим) и оседлым землевладельческим миром.

Основные идеи работы Мурата Мухтарулы:

1. Преодоление европоцентризма: ученый критикует устоявшийся в советской и западной науке взгляд, согласно которому кочевой мир воспринимался как отсталый, варварский или сугубо разрушительный по отношению к оседлым цивилизациям. Ученый считает: «Для того, чтобы увидеть в духовном наследии своего народа общечеловеческие ценности, современным казахам пришлось преодолеть в себе психологический барьер, существование которого было связано с распространенным в научной и художественной литературе представлением о кочевниках, как о мрачной силе истории».

2. Синтез и диалог культур: автор доказывает, что миры кочевья и оседлости не просто противостояли друг к другу, а находились в непрерывном культурном, экономическом и эстетическом диалоге. Вспомним тюркоязычные кочевые и некочевые народы Центральной Азии, которые веками поддерживали взаимосвязь и развивались как единое целое.

3. Название статьи «Энкидиада» отсылает к шумерскому мифу об Энкиду и Гильгамеше – символу дикой природы (степи) и города.

4. Уникальность эстетики номадов. В статье обосновывается, что традиционное казахское искусство и мировоззрение обладают самодостаточной, сложной пространственно-временной эстетикой, которая внесла колоссальный вклад в общечеловеческую культуру.

Мурат Ауэзов считал, что взаимовлияние культур обогащает любую культуру, но процесс приобщения к европейской культуре, новым жанрам в литературе и искусстве обернулось недостаточным вниманием к казахской исторической традиции. Культуролог считает: «Созрела и стала вполне очевидной мысль, что отказ от исторических корней, нигилистическое отношение к духовной традиции губительны для национальной культуры не в меньшей мере, чем сама изоляция и замкнутость».

Роль монографии в истории отечественной науки

Книга «Кочевники. Эстетика» навсегда вошла в историю отечественной науки, где ее авторы теоретически осмыслили эстетику кочевого мира. Думаю, что монография обессмертила имена ее авторов: Сабит Акатаев – «О специфике культуры кочевья», Мурат Ауэзов – «Энкидиада. К проблеме единства миров кочевья и оседлости», Эльвира Шакенова – «Художественное освоение мира», Едыге Турсунов – «Единство эстетического опыта кочевых и некочевых народов», Мирлан Каратаев – «Природа эстетического в казахском героическом эпосе», Асия Мухаметова – «Некоторые эстетические проблемы казахской инструментальной культуры», Булат Каракулов – «Эстетическое своеобразие народного мелоса», Канат Нурланова – «Символика мира в традиционном искусстве», Бек Ибраев – «Пространственное представление в культуре кочевников», Алан Медоев – «Камень и эстетика номадов».

Уверен, что к монографии будут постоянно обращаться ученые будущего, которых будет интересовать отечественная история.

Исмаилжан ИМИНОВ
(в сокращении)



ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ?

студенттің дастарханына үңіліп көрсек

Таңғы сағат сегіз. Жатақхана дәлізінде сабаққа асыққан студенттер. Бірінің қолында – кофе, енді бірі дүкеннен алған бәлішін жол-жөнекей жеп келеді. Кейбірі таңғы ас ішуге де үлгермеген. «Түсте бірдеңе жеп алармын» деп аудиторияға асығады. Күнделікті өмірде үйреншікті көрінетін осы бір көріністің өзі қазіргі студенттердің тамақтану дағдысы туралы біраз жайтты аңғартады.

Жатақханада тұратын студент үшін «Бүгін не жеймін?» деген сұрақ күн сайын қайталанатын тұрмыстық мәселеге айналған. Сабақ, тапсырма, жұмыс, жол және жеке шаруалар арасында уақыт тауып, дұрыс тамақтану әрдайым оңай емес. Сондықтан дайын тағам, асхана немесе тез әзірленетін ас студент үшін қолайлы таңдау болуы мүмкін. Алайда тағам таңдау тек уақыт тапшылығына байланысты емес. Оның дәмі, бағасы, қолжетімділігі, тіпті студенттің өмір сүретін ортасы да бұл шешімге әсер етеді.

Дәм бе, баға ма?

2022 жылы жарияланған жүйелі ғылыми шолуда университет студенттерінің тамақтану тәртібіне ықпал ететін факторлар жан-жақты қарастырылған. Зерттеушілер бірнеше ғылыми дерекқордағы еңбектерді саралап, олардың ішінен 11 зерттеуді жүйелі шолуға енгізген. Соның нәтижесінде студенттердің тағам таңдауына ең алдымен оның дәмі, одан кейін қолжетімділігі мен бағасы әсер ететіні анықталған. Сонымен қатар тамақтану сапасына студенттің тұрғылықты ортасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы да ықпал ететіні көрсетілген.

Демек, дүкен сөресінің алдында жасалған таңдау жай ғана «мынаны ұнатамын» деген талғамнан тұрмайды. Оның астарында бірнеше себеп бар. Бір студент үшін тағамның дәмі маңызды болса, екіншісі алдымен бағасына қарайды. Үшіншісі университетке жақын маңнан қандай ас табуға болатынын ойлайды. Сондықтан бір аудиторияда қатар отырған жастардың өзінде тамақтану әдеттері әртүрлі болуы заңды.

Бір күнде қанша тағам?

Адамның тамаққа қатысты шешімдері кейде өзі ойлағаннан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Бұл тұрғыда американдық зерттеушілер Брайан Вансинк пен Джеффри Собалдың 2006 жылғы еңбегі қызықты мысал бола алады.

Зерттеуге университеттің 139 қызметкері мен студенті қатысқан. Қатысушылардан бір күнде тамақ пен сусынға байланысты қанша шешім қабылдайтыны сұралғанда, олар орта есеппен 15 шешім деп жауап берген. Ал зерттеушілер тамақтану барысындағы нақты таңдауларды егжей-тегжейлі сұрағанда, орташа көрсеткіш 221 шешімге жеткен.

Бұл зерттеудің негізгі идеясы – адамның тамаққа қатысты шешімдерінің көпшілігі күнделікті өмірде байқала бермейтіні. Мәселен, таңғы асқа не жеу, қанша мөлшерде тұтыну, қандай сусын таңдау, сабақ арасында бірдеңе сатып алу немесе кешкі асқа тапсырыс беру – мұның бәрі күні бойы қайталанатын шағын таңдаулар.

Дегенмен, бұл зерттеуге қатысты маңызды бір жайтты ескерген жөн. Кейін Cornell University Брайан Вансинктің бірқатар ғылыми жұмыстарын тексеріп, оның зерттеулерінде деректерді қате көрсету, проблемалық статистикалық әдістерді пайдалану және нәтижелерді тиісті деңгейде құжаттамау сияқты академиялық ереже бұзушылықтар болғанын хабарлаған. Сондықтан 221 деген көрсеткішті қазіргі ғылым мойындаған абсолютті дәлел ретінде қабылдауға болмайды. Оны тамақтану дағдысын зерттеу тарихындағы мысал ретінде ғана қарастырған дұрыс.

Студент қалтасы нені көтереді?

Студенттердің тамақтану мәселесіне келгенде назар аударатын негізгі факторлардың бірі – баға. Жүйелі шолу нәтижелері тағамның құны, дәмі мен қолжетімділігі жастардың күнделікті таңдауында маңызды орын алатынын көрсетеді.

Мұны жатақхана өмірінен де аңғаруға болады. Ай сайынғы шығындарын есептеп, қаражатын үнемдеуге тырысатын студент үшін тағамның бағасы шешуші мәнге ие болуы мүмкін. Макарон, жұмыртқа, нан секілді қарапайым өнімдердің студент ас мәзірінде жиі кездесуі де түсінікті. Өйткені оларды дайындау аса күрделі емес, бағасы да салыстырмалы түрде қолжетімді.

Ал уақыт тығыз болғанда тағамның ыңғайлылығы мен қолжетімділігі алдыңғы орынға шығады. Колледж студенттерінің фастфуд тұтынуына арналған жүйелі шолуда тағамның дәмі, бағасы, қолжетімділігі, орналасқан жері және ыңғайлылығы сияқты факторлардың дайын тағам таңдауға ықпал ететіні анықталған.

Сондықтан студенттің донер, бургер сияқты тағамдарды таңдауы оның пайдалы тамақтануға қызықпайтынын білдірмейді. Кейде бұл – уақыт пен мүмкіндіктің талабынан туған шешім. Сабақтан сабаққа асығып жүрген жас үшін университетке жақын жердегі дайын тағам ең ыңғайлы нұсқа болуы мүмкін.

Дегенмен жастардың барлығы фастфудпен қоректенеді деу де – жаңсақ пікір. Бірі жатақханада өзі тамақ дайындаса, енді бірі асханаға барады. Кейбірі спортпен шұғылданып, ас мәзіріне ерекше мән береді. Демек, «қазіргі жастар дұрыс тамақтанбайды» деген жалпылама тұжырым олардың өмір салты мен тағам таңдауындағы алуан түрлілікті толық ашып бере алмайды.

Жатақхана мен үй дастарқаны бірдей ме?

Студенттің тамақтану дағдысына оның тұратын ортасы да әсер етеді. Жүйелі шолу нәтижелерінде университет студенттерінің тамақтану сапасы тұрғылықты жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты өзгеретіні көрсетілген.

Шынында да, жатақханадағы студент пен ата-анасымен бірге тұратын студенттің күнделікті тамақтану мүмкіндігі бірдей емес. Бірінің ас әзірлейтін орны мен уақыты шектеулі болса, екіншісінің үйінде дайын тамақ болуы мүмкін. Бірі азық-түлікті өзі сатып алып, күнделікті мәзірін жоспарлауға мәжбүр болса, енді бірі бұл мәселеге алаңдамайды.

Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің тамақтану мәдениетін сөз еткенде олардың әлеуметтік және тұрмыстық жағдайын назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені дұрыс тамақтану тек адамның қалауына емес, оған жасалған жағдайға да байланысты.

Әлеуметтік желі не ұсынады?

Қазіргі жастардың тағам таңдауына әлеуметтік желілердің де ықпалы бар екеніне назар аударған жөн. Бүгінде Instagram мен TikTok-тағы тағам дайындау видеолары, фастфуд жарнамалары, түрлі челлендждер мен танымал блогерлердің ұсыныстары күнделікті ақпараттық кеңістіктің бір бөлігіне айналды.

2022 жылы жарияланған жүйелі шолуға әлеуметтік желілер мен жастардың тамақтану әдеттеріне қатысты 35 ғылыми мақала енгізілген. Олардың көпшілігінде әлеуметтік желілерді пайдалану таңғы ас ішпеу, зиянды тіскебасарлар мен қант қосылған сусындарды көбірек тұтыну, ал жеміс-жидек пен көкөністі аз тұтыну сияқты әдеттермен байланыстырылған.

2021 жылғы тағы бір жүйелі әдеби шолуда әлеуметтік желілердегі тағам жарнамаларына арналған 234 ғылыми материалдың ішінен талаптарға сай алты зерттеу іріктелген. Нәтижелер жасөспірімдердің әлеуметтік желілерде кездесетін зиянды тағам жарнамаларын жиі есте сақтайтынын, ал мұндай жарнамаларда танымал тұлғалар мен инфлюенсерлердің бейнесі кеңінен қолданылатынын көрсеткен.

Әрине, TikTok немесе Instagram-нан көрген кез келген тағам видеосы адамды міндетті түрде сол тағамды тұтынуға итермелейді деуге болмайды. Дегенмен әлеуметтік желідегі тағам контентінің адамның оған деген көзқарасы мен таңдауына ықпалы ғылыми тұрғыда зерттеліп келе жатқаны анық.

2024 жылы жарияланған тағы бір жүйелі шолуда әлеуметтік желідегі тағам контенті мен адамның тамақтану дағдысы арасындағы байланыс қарастырылған. Зерттеушілер 38 ғылыми жұмысты талдап, кейбір фастфуд жарнамаларының, тағам әзірлеу және оны тұтыну туралы видеолардың адамдардың белгілі бір тағамды жеуге деген ықыласымен байланысты болуы мүмкін екенін анықтаған. Сонымен бірге авторлар бұл бағытта қосымша эксперименттік зерттеулер жүргізу қажеттігін атап көрсеткен.

Олай болса, бүгінгі студенттің тағам таңдауы тек қарынның ашуына байланысты емес. Оның телефонынан көргені, университет маңындағы асханалардың ұсынысы, тағамның бағасы мен дәмі, тіпті достарымен бірге өткізетін уақыты да белгілі бір рөл атқаруы мүмкін.

Бір күндік студент мәзірі

Бір студенттің күнделікті тіршілігін көз алдымызға елестетіп көрейік. Таңертең сабаққа асығып, толыққанды таңғы ас ішуге уақыты жетпейді. Жолай кофе немесе жеңіл тағам алады. Түскі уақытта қысқа үзіліске байланысты тез дайындалатын асты таңдайды. Кешке жатақханаға оралғанда уақыты мен тұрмыстық жағдайына қарай өзі тамақ әзірлейді немесе дайын тағамға тапсырыс береді.

Бұл – нақты бір студентке жүргізілген статистикалық зерттеудің нәтижесі емес, жастардың тамақтану таңдауына әсер ететін факторларды түсіндіретін өмірлік мысал. Ғылыми зерттеулер де студенттердің тағам таңдауында дәм, баға мен қолжетімділіктің маңызды екенін көрсетеді.

Бір қызығы, тамақтану мәдениеті – өзгермелі құбылыс. Жастар жаңа тағамдарды байқап көреді, әлеуметтік желіден түрлі өнімдер туралы ақпарат алады, бағасына қарай таңдау жасайды және өз өмір салтына сәйкес әдет қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі студенттің дастарқаны бұрынғы буынның дастарқанынан өзгеше болуы заңды.

Дастарқан – күнделікті өмір айнасы

Жалпы, қазіргі жастардың дастарқанында түрлі тағам бар: жатақханада дайындалған қарапайым ас та, донер мен бургер де, кофе мен тәтті сусындар да кездеседі. Бірақ мұның бәрін «жастар дұрыс тамақтанбайды» деген біржақты пікірмен бағалау шынайы жағдайды толық сипаттай алмайды.


Мәселенің қызығы жастардың не жейтінінде ғана емес, неліктен дәл сол тағамды таңдайтынында. Ғылыми зерттеулер тағамның дәмі, бағасы, қолжетімділігі және адамның өмір сүретін ортасы маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ал әлеуметтік желілер тағам туралы ақпарат пен жарнаманың жаңа кеңістігіне айналып отыр.

Сондықтан «Қазір жастар не жейді?» деген сұраққа бір ғана тағамның атауымен жауап беру мүмкін емес. Оның жауабы – студенттің күнделікті тіршілігінде: таңғы асқа үлгермей шыққан сәтінде, сабақ арасындағы кофесінде, қалтасына қарай жасаған таңдауында, достарымен бірге барған асханасында және әлеуметтік желіден көрген жаңа тағамында.

Бір қарағанда қарапайым көрінетін бір табақ астың артында уақыт, қаржы, қолжетімділік, талғам мен өмір салты сияқты көптеген фактор тұр. Осы тұрғыдан алғанда, студенттің дастарқаны – оның күнделікті өмірінің шағын көрінісі.

Бүгінгі студент үшін «Не жеймін?» деген сұрақ кейде «Не ұнайды?» дегеннен бұрын «Қайсысы қолжетімді?», «Қанша тұрады?» және «Қанша уақытым бар?» деген сауалдарға жауап іздеуден басталады. Ал қазіргі жастардың тамақтану мәдениетін түсінудің кілті де осында.

Бекарыс РАЙХАН,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
2-курс студенті,
Түркістан қаласы



ӘЗІЛ

***

Үйде әйелі мен күйеуі өзара сөйлесіп отыр:

- Тағы да іштің бе?

- Жоқ, ішкен жоқпын!

- Енді ішкенің көрініп тұр ғой !

- Жоқ, ішкен жоқпын!

- Мойындасай енді?!

- Жоқ, ішкен жоқпын!

-Жақсы, онда қанағаттандырылмағандықтарыңыздан деп айтшы.

- ІШТІМ!

***

- Сені жақсы көретінімді осы уақытқа шейін айтып па едім?

- Жоқ!

- Егер жақсы көретін болсам, айтушы едім.

***

- Ұялмайсың ба?! Сыныптасыңның көзін неге көгерттің?

- Өзі ғой! Тырнағымды тістеп отырғам, келді де, «мә, көкеңдікін де ауыз ти!» - деді.

***

Біреу: «сенімен сөйлесу керек!» - дегенде, ойыма соңғы кезде жасаған күнәларым мен қылмыстарым келеді.

***

Бір оқушы емтиханда мысал келтіріп жатып, берген мысалдарын «т.б.», «т.с.с.» сөздерімен аяқтайтын болса - жазғандарынан басқа мысал білмейді деген сөз.

***

“Қандай әдемісің. Сенімен танысқым келеді. Жауап жазсаң, қуанышты боламын”.

Жауап: “:)))”

***

- Ағай, әжетханаға шықсам болады ма?

- Не бар онда?!

- Қармақпен балық аулап қайтам..

***

Егер де арықтағың келсе, ... салмақ таста.

***

Ромео мен Джульетта.

Қозы мен Баян.

Қыз Жібек пен Төлеген.

Бойжеткен мен смартфон.

Айфон мен бозбала.

***

- Таратылған парақ барлығына жетті ме?

- Ағай, не болды?! Бақылау жазамыз ба?

- Жо-о-оқ! Қазір шөп орайміз барлығымыз...

***


- Қасыңа бара алмадым. Сені іздеп таба алмадым...

- Не боп қалды?! Әйеліңді сағындың ба?

- Жоға! Соткамның зарядкасын іздеп жүрмін.

Дайындаған Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

«Qazaq uni» газетінің №45 санында жарияланған сөзжұмбақтың жауабы



КАРИКАТУРА



Суретті салған Ғалым Смағұл

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН ДАРЫН



ЖЫР ПАТШАСЫНЫҢ ЕЛІНДЕ ТУЫП, ӘН ПАТШАСЫНЫҢ ЕЛІНДЕ ӨСКЕН ҚЫЗ

Бүгін ордалы Оңтүстікте, шырайлы Шымқаланың төрінде елдің бәрі шырқап жүрген «Аппақ гүлдер», «Алтынай», «Ауылға барам», «Сені көргім келеді де тұрады» және тб әндердің авторы, қазақтың көрнекті композиторы, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Құралай Сәтмұхамбет апайымыздың жемісті 75 жасқа толуын еліміз тойлап жатыр.

Құдайдың құдыреті ғой бәрін қиюластырып тұратын. Сонау Шыңғыстауда жыр патшасы Абайдың елінде туған Құралайды композитор боларын білгендей, мектепте оқып жүргенде тағдыр ән патшасы Шәмшінің елі Оңтүстікке айдап әкелген ғой...

Қасиетті Түркістан өлкесі Құралайға құтты мекен болды, құдайға шүкір. Осында отау құрып, перзент сүйіп, әсем әндері дүниеге келіп, елі ерекше ардақтаған әнші-композиторға айналды.

«АППАҚ ГҮЛДЕР» ҰСЫНЫП, АЛТЫНАЙҒА ҒАШЫҚ ҚЫЛДЫҢЫЗ...

1. Құрметті Құралай әпке, Сіз ең алдымен әдемі әнмен елдің бәріне түсінде де «Аппақ гүлдер» ұсынып жүрдіңіз. Даламыз аппақ гүлдерге толып кетті!

Сіздің «Аппақ гүлдер» әніңіз шыға салысымен ертеңіне барлық базарда Аппақ гүлдер бірден қымбаттап кетті.... Содан бері Аппақ гүлдердің бағасы түскен жоқ! Бұған біздің Құралай әпкеміз кінәлі және себепкер!

Одан кейін Хан қызындай Ханбибі апайымыз екеуіңіз елдің бәрін қырғыз қызы «Алтынайға» ғашық қылдыңыздар! (Композитор Тұрдықылыш көкеміздің әлі «Нұрикамалға» ғашық бола қоймаған кезі болса керек...)

«Алтынайды» айтпаған әнші жоқ шығар.

2. Халық жазушысы, қазақтың лирика тарланы Исраил Сапарбайдың сазды сөзіне жазылған «Сені көргім келеді де тұрады» атты әсем әуенді бәріміз айттық және айтып та жүрміз.

Адам «Сені көргім келеді де тұрады» деп ең қимас жанға айтады. Яғни, әр адамның ең қимас жанына жүрегінің сырын жеткізер әуені - Құралай әпкеміздің әсем әні!

АУЫЛҒА БАРҒЫМ КЕЛЕДІ...

3. Қазір қазақ даласы «Ауылға барам» әнімен тербеліп тұр. Қандай той, қандай қуаныш, қандай отырыс болсын, осы ән айтылмай қайтпайды.

Мен қазақтың көрнекті ақыны Ибрагим Иса ағамызбен інісі ретінде қасында көп жүрдім. Осы өленнің қалай шыққанын, қашан, қайда оқығанын жақсы білемін.

Қазақтың тарлан ақындары Исраил Сапарбай, Ибрагим Иса, Серік Тұрғынбек, Ханбибі Есенқарақызы, әйгілі әнші Кенжеғали Мыржықбаев, белгілі кино актері Асылболат Смағұлдар «Ақ жол» партиясының мүшелері.

2014 жылы Ибрагим аға 65 жасын атап өтпекші болып, Астанаға «Ақ жол» партиясына келіп, біз қолдау жасадық. Сонда: «70 жасыңызды бірақ тойламадыңыз ба?» деп қалып едім, «Сол 70-ке жете аларыма сенбей тұрмын ғой» деді. Жүрегім дір ете қалды...

Ибрагим ағаның Алматыдағы шығармашылық кеші өте әдемі өтті. Роза, Мақпал бастаған ән әлемінің жұлдыздары түгел тізіліп келіп, әндерін айтты. Иә, сол кеште ауылын аңсап, жете алмай жүрген Ақын осы «Ауылға барам» деген өленін алғаш рет ел алдында оқыды. Егіліп тұрып, толқып тұрып, шалқып тұрып, шабыттанып оқыды.

* Ауылға барам, бәрі де туыс ел жақта.

* Аңқылдайды олар, қарамайды олар баржоққа.

* Ауылым жайлы, бауырым жайлы жыр жазам,

* Сүйеніп тұрып анам сүйенген шарбаққа

Бұл Ақынның аңсаған ауылымен айшықты жыры арқылы қоштасқаны екен ғой, тура бір аптадан кейін ауылға емес-аспанға ұшып кетті...

Бір аптадан кейін біз Алматыға қайта ұшып келдік. Біз бұл жолы тойға емес, Ақынмен қоштасуға келдік.

Мен сол өленді тыңдап отырғанда әсем әнге сұранып тұрған әдемі жыр екен деп ойлап қойып едім. Біздің, жалпы елдің бұл арманын Құралай әпкеміз қатырып тұрып орындады.

Қазір «Ауылға барам» әні ауыл жайлы әндердің ең алдыңғы қатарында, Құралай әпкем секілді ақмаңдайы жарқырап тұрған ғажап ән.

Осы әнді тыңдаған әрбір қаны бар қазақтың ауылға барғысы келіп кететіні анық.

ӘН АВТОРЛАРЫ НЕГЕ АЙТЫЛМАЙДЫ?!.

4. Бұл ән туралы мен кезінде мақала жаздым «Қазақ үні» газетіне. Қандай мақала?!.

Ол кезде Құралай әпкемді жүзбе-жүз көрген емеспін.

Осы әнді көп әншілер айтуға құмар болды. Бірақ біздің әншілердің көбісінің бір ауруы бар, әннің авторларын айтпайды.

Мақпал мен бір әнші жігіттің айтуы жақсы тарады елге. Бірақ автор айтылмаған да, жазылмаған да. Сол кезде осындай әдемі әннің авторлары Ибрагим Иса мен Құралай Сәтмұханбет деп авторларын атап тұрып, қорғап мақала жаздым.

Негізі «Ауылға барам» әні әнші Абылайхан Оспан ағамыздың айтуында халыққа кең тарады.

Қазір де кез келген жерде осы ән шырқалады, міндетті түрде авторын сұраймын, білмесе қадап айтамын.

АТАҒЫҢМЕН ШАТАҒЫ ЖОҚ САЗГЕР

5. Менің де, елдің де бір таңғалғанымыз, ұлттық музыканың алтын қазынасына қосылған әсем әндер жазған, бүгінде жетістігі мол 75 жасқа толып отырған қазақтың көрнекті композиторы Құралай Сәтмұханбет әпкемізге әлі «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілмеген екен?!. Ойбай-ау, бұл атақты кезінде екі ән айтса, есіріп, төрт ән айтса, төбемізге шығып кететін жап-жас әншілер түгел алып алған жоқ па?

Ал Құралай әпкеміздің атағымен шатағы жоқ, әнін шырқап қойып, тербеліп жүр...

Атақ түгілі ешқандай ордені де жоқ екен. Иә, қазір құрметті түгілі құрметсіздер де қаптап алып жатқан Құрмет ордені де жоқ екен. Бар болғаны «Ерен еңбегі үшін» медалы беріліпті 70 жасқа толғанда?!.

Енді осы қателікті жөндейтін кез келген секілді. Қазір Мәдениет пен ақпараттың басына руханиятқа қамқор, рухы биік қайраткер Арман Қырықбай іниміз келіп отыр, бұл сөзіміз құлаққағыс ретінде болсын дейік.

СІЗ БАҚЫТТЫСЫЗ!

6. Сөзімді қорыта келе Құралай әпкеме бір ғана сөз айтамын!

Сіз бақытты композиторсыз!

Осындай бүкіл қазақ шырқап жүрген әндер жазу композитор үшін ең басты мақсат - ең үлкен бақыт емес пе?!.

Алла жар болып, Жұлдызыңыз жарқырай берсін!

Әрдайым Ақ жол тілеймін!

Қазақ даласын әніңізбен мәңгі әлдилей беріңіз, Бақытты композитор әпкем менің!

Біз руханиятты қолдаушы «Ақ жол» партиясы атынан төрайымымыз, Құрылтай төрағасының орынбасары Дәния Еспаеваның Құттықтау хаты мен «Қазақ Республикасына 100 жыл» атты Алаштың алтын медалын алып келіп отырмыз құдай қаласа.

Республикалық «Қазақ үні» газетінің 3 бетіне шығарып, 300 дана газет жеткізілді.

Еліміз тойлап жатқан ән тойыңыз құтты болсын!

Қазыбек ИСА,
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық -
«Алтын Күз» орденінің
Қазақстандағы тұңғыш иегері

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Оразәлі БАЙМҰРАТ
Бас редактордың орынбасары –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы -
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)
Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет " Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni.gazeta@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Құлтөлеу Мұқаш

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 в.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.